



ТҮРКІЛЕР ҚАРАШАДА БАС ҚОСАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында президенттер өзара сенім мен қолдауға негізделген екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Екі ел башылары сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты тереңдету перспективаларын талқылады, сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді қарастырды.

Қазақстан мен Түркия президенттері биыл қараша айында Астанада өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитіне дайындық барысы туралы пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл жиын түркі елдері арасындағы қарым-қатынасты дамыту үшін маңызды қадам болмақ.



ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті.

Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысты.

Мемлекет басшысына кенестің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін

берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымның жұмысын жандандыру қажет екенін айтты.

Жиын соңында Президент бірқатар нақты тапсырма берді.



«ҚАЗПОШТАНЫҢ» ҚЫЗМЕТ АЯСЫН ҰЛҒАЙТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованы қабылдады.

Президентке «Қазпошта» акционерлік қоғамының биылғы 8 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, компания шығындарды онтайландыру, электронды коммерцияны және басқа да қаржылық қызметтерді дамыту есебінен соңғы 5 жылда алғаш рет шығыны аз, табысты мекемеге айналып отыр. «Қазпоштань» 8 айдағы кірісі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 44 пайызға немесе 16,7 миллиард теңгеге артты.

Әсел Жанасованың айтуынша, еліміздің шалғай елді мекендерінде «Қазпоштань» бөлімшелер желісін кеңейту жоспарланып отыр. Бұл пошта, қаржы, агенттік, әлеуметтік және мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына «Қазпошта» акционерлік қоғамы электронды коммерция нарығының су-

бъектілері үшін бірінші экодүйе құратыны жөнінде мәлімет берілді. Ол үшін компания фул-филмент орталықтарын дамыту, отандық және шетелдік танымал маркетплейстер үшін тапсырыстар беру пункттерін ашу, қоймалар мен пошта-тамат желілерін кеңейту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Президентке Ақтөбе қаласында, Түркістан және Алматы облыстарында логистикалық хаб салу жоспары таныстырылды. Мұндай логистикалық хаб осы аптада Астана қаласында ашылмақ.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның қаржылық жағдайын жақсарту жұмыстарын жалғастыруды, ауыл тұрғындарына көрсетілетін әлеуметтік және мемлекеттік қызметтер аясын ұлғайтуды тапсырды.



ПРЕЗИДЕНТ ЕЛЕУСІН САҒЫНДЫҚОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұзақ жылдар бойы әртүрлі жоғары лауазымды мемлекеттік қызмет атқарған еңбек ардагері Елеусін Сағындықовпен кездесіп, елдің дамуы жөнінде пікір алмасты.

Елеусін Сағындықов Президенттің бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық реформаларға қолдау білдірді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан

халқына Жолдауында айтылған негізгі міндеттерді жүзеге асыруға, атап айтқанда өңірлердің дамуындағы басымдықтарды айқындауға, сондай-ақ жергілікті және орталық атқарушы органдардың жұмысын жетілдіруге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

ЖАҒАНДЫҚ ҚАРА БАЗАРДА САТАРЫМЫЗ КӨБЕЙСІН



Қазақстанның өзге елдермен сауда-саттығы ең жоғарғы межеге жетіп, тарихи рекорд орнатты. 2022 жылы еліміздің сыртқы сауда айналымы 136 миллиард доллар. Соның ішінде экспортымыз 84 миллиард доллардан асты. Биыл Қазақстан бұл тарихи жетістігін қайталай ала ма? Президенттің АҚШ, Германия, Түркия сияқты басты сауда әріптестерімізге сапары оған серпін беруді тиіс. Бұған қоса, елімізде тек экспорт мәселелерімен айналысатын жаңа агенттік құрылды.

КӨПІРДІ КҮТУМЕН КҮН КЕШКЕН...

Сыр өңіріндегі бірнеше ауданда теміржол өткелдерінің тозығы жетіп тұр. Бұл жайында тұрғындар талай мәрте айттып, жергілікті әкімдіктен жәрдем сұрады.



3
БЕТ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: ТӨРТ АЛТЫН ТҮГЕЛ

Ханчжоуда өтіп жатқан жазғы Азия ойындарының соңғы аптасы басталды. Кеше Қазақстан қоржынына 37-ші медаль түсті.



8
БЕТ





ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 5 қазан күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес сенаторлар палата отырысында «Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл қор өңіршілік сауданы кеңейтуді және экономикалық қызметке қолдау көрсету арқылы ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық дамуына ықпал етуді көздейді.

Сонымен қатар депутаттар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Аталған Келісім көші-қонды бақылаудың тиімділігін арттыруға және екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етпек.

Сондай-ақ отырыс кезінде Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС ӨТТІ



Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған республикалық аламан айтыс өтті. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Жүрсін Ерман бастаған әділқазылар алқасы анықтады.

Сөз сайысына елімізге белгілі 14 айтыскер ақыны қатысты. Олардың арасында Әсем Ережеқызы, Жансая Мусина, Серік Қуанған, Аспанбек Шұғатаев, Шұғайып Сезімхан, Қазірет Бердіхан, Мұхтар Ниязов, Ардабек Ақбаба, Нұрзат Қаруқызы, Мейірбек Сұлтанхан, Ақниет Жұбаныш, Төлеген Жаманов, Ержан Әміров пен Фархат Марат бар. «Мен-мен» деген сөз дүлдүлдері бақ сынасқан сөз додасының тізгінін әйгілі айтыскер ақын Аманжол Әлтай ұстады.

«Жыр арқауы – қазақ әдебиетінің заңғар тұлғаларының бірі, классик жазушы Оралхан Бөкей

ағамыз. Айтысқа ағамыздың да тікелей қатысы бар. Ол 90-жылдардың кезінде өзі ұйытқы болып, Алматыда бірнеше мәрте айтыс өткізген. Ал бүгін оның мерейтойында ақындар келіп, Оралхан ағаны жырға қосып отыр. Кітап оқитын, әдебиет сүйетін ұлт бар кезде ағамыздың бейнесі жадымыздан өшпек емес», – деді Аманжол Әлтай.

Әділқазылар алқасының шешімімен республикалық айтыстың бас жүлде иегері атанған Мұхтар Ниязов 2,5 миллион тенгелік сертификатпен марапатталды. Қазірет Бердіхан I орынды жеңіп алса, II орынның төріне Шұғайып Сезімхан мен Жансая Мусина жайғасты. Ал III орынды Серік Қуанған мен Төлеген Жаманов өзара бөлісті.

Айтыс арасында композитор, этномузыкант, Қазақстанның мәдениет қайраткері Еділ Құсайынов өнер көрсетіп, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесі желісінде театрландырылған көрінісін сахналады.

ДЕРБЕС ДЕРЕККЕ КЕПІЛДІК ЖОҚ

Естеріңізде болса бұған дейін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі шетелдік Telegram-бота қазақстандықтардың дербес деректері рұқсатсыз жарияланғанын растаған еді.



«AMANAT» партиясы өткізген баспасөз мәслихатында осы министрліктің Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов жағдайға қатысты түсіндірме берді.

«Қазіргі заңнамада дербес деректерді қорғайтын нормалар баршылық. Мәселе заңның жеткілікті

денгейде жақсы болмауында емес, ондағы талаптардың қаншалықты орындалып отырғанында. Біз ҰҚК-дағы әріптестерімізге сұрау салғанбыз, олар талдау жасап бітірді. Бұл – осындай жалғыз оқиға емес. Әр кезде әртүрлі жүйеден дербес деректер қолды болған», – деді ол.

Оның айтуынша, соңғы оқиғада көптеген азаматтың жеке дерегі тарап кеткенімен, ешкімнен ресми шағым түспеген.

«Бізге толығырақ мәлімет берілуі керек. Содан кейін мемлекеттік бақылау бағытында жұмыс бастаймыз. Ақпараттық жүйе иелеріне шығып, дербес деректерді қалай қорғап отырғанын тексереміз. Дербес деректердің тарап кетуінен 100 пайыз сақтандырылған ел жоқ. Бүгін 100 пайыз сақтандырылды дегеннің өзінде ертең оны бұзатын бір амал табылуы мүмкін. Сондықтан ондай жайтқа әрдайым дайын болуымыз керек. Деректер тарап кетті ме, ол арнаны алаяқтардың қолына тимей тұрып жабу қажет. Сіз айтып отырған жайттан кейін неше шағым түсті деп ойлайсыз? Бірде-бір шағым болған жоқ. Бұл азаматтардың дербес дерегінің тарап кетуінен қандай проблема туындайтынын білмейтінін көрсетеді», – деді Руслан Әбдіқалықов.

ӘДІЛЕТ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН ЗАҢ ЖОБАСЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Мәжіліс әкімшілік әділет саласын жетілдіру және қолдану аясын кеңейтуге бағытталған заңнамаға түзетулер енгізу бойынша жұмысты бастады. Заң жобасы бүгін Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінде депутаттарға таныстырылды. Жиынға мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.



– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылданғанына екі жыл болды. Осы уақыт ішінде ол Қазақстанның құқықтық жүйесіне жақсы жүзеге асырылып келеді. Кодекс нормаларын және жеке әкімшілік рәсімдерді одан әрі жетілдіру қажеттілігіне байланысты Әділет министрлігі түзетулер пакетін әзірледі, – деді комитет төрайымы Снежанна Имашева.

Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Әділет вице-министрі Алма Мұқанова Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында әкімшілік әділеттілік аясын кеңейту жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Осыған байланысты Әділет министрлігі үш негізгі бағытты қамтитын тиісті түзетулер әзірлеген. Біріншісі – жария-құқықтық даулардың жекелеген санаттарын азаматтық іс жүргізу кодексінен ӘРПК-не көшіру.

Жария-құқықтық дауларды азаматтық сот ісін жүргізуден әкімшілік іс жүргізуге кезең-кезеңімен ауыстырудың орындылығын атап өту маңызды. Бұл тезис қазір әкімшілік сот ісін жүргізудің сот практикасын қалыптастыру процесі жүріп жатқанымен байланысты. Осы мәселені пысықтау шеңберінде Әділет министрлігі АПК істерінің екі санатын анықтады: азаматтық хал актілері жазбалары туралы істерді аудару, нормативтік-құқықтық актінің заңдылығына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізуді ауыстыру, – деді вице-министр.

Екінші бағыт Үкіметке мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы дауларды шешу өкілеттіктерін беруге қатысты. Бұл жерде дауды шешудің мәні заңнамалық актілерді түсіндіру емес,

«құқық туралы дауды» шешу болуы керек. Осыған орай Әділет министрлігі мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы даулар ӘРПК ережелері (дауларды сотқа дейін реттеу) және Үкімет регламентінің ережелері бойынша қаралатын тәсілді әзірледі.

Үшінші бағыт аясында әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне әкімшілік шағымдарды қарау тәртібі жетілдірілуде.

Түзетулер әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың әкімшілік актілердің мазмұнында шағымдану тәртібі мен мерзімдері туралы ақпаратты көрсету туралы заңмен бекітілген міндеттілігін жеке тұлғаларды құқықтық қорғаудың тиімді алгоритмін қамтамасыз етеді. Дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібінің болмауына байланысты қайтарылған талап-арыздар саны қысқартылмақ. Мемлекеттік органдардың жауапкершілігі артады, өйткені олардың әрқайсысында шағымдарды қарау тәртібінің нақты иерархиясы айқындалатын болады, – деді А. Мұқанова.

Заң жобасында әкімшілік рәсімдер тәртібін жетілдіруге және «құқықтық вакуумдарды» нивелилеуге бағытталған басқа да түзетулер көзделді.

Жиынға қатысушылар баяндамадан соң ұсынылған заң жобасын талқылады. Мәжіліс депутаттары Магеррам Магеррамов, Жигули Дайрабаев, Николай Арсютин, Қазыбек Әлішев, Бақытжан Базарбек және т.б. баяндамашыға заң жобасына қатысты сұрақтарын қойды. Заң жобасы бойынша жұмыс тобына Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Марат Бәшімов жетекшілік етеді.

ӨРТТЕН ҚОРҒАЙТЫН ҚОНДЫРҒЫ

Елордада тұрғын үйлерге өрттен қорғайтын қондырғылар қойылды. Алдағы уақытта «Үркер» тұрғын үй алабындағы жеке секторларға 100 датчик қондырылады.

Бұл іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы елорданың Төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп отырып ұйымдастырды. Нұра ауданы әкімдігі мен Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасынан түгін және көміртегі тотығын анықтайтын 100 датчик алынып, әр апта сайын «Үркер» тұрғын үй алабындағы белгіленген тұрғын үйлерге қондырылмақ.

– Қондырғы жеке секторда қандайда бір түгін пайда болған жағдайда үйдің иесіне дыбыстық белгі береді. Бұл пеш болсын, электр құрылғылары болсын, өрт немесе улану қаупін туындататын қауіпті жағдайлардың алдын алмақ. Дыбыстық белгіні естіген үй иесі тез арада өртке қарсы қызметке оқиға туралы хабарлауы керек. Дегенмен

датчиктердің орталықтандырылмағанын, яғни Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармаға белгі келмейтінін ескерткіміз келеді. Сондықтан тұрғындар белгіні естігеннен 101-ге ақпарат айтуға тиіс, – деді Астана қаласы Нұра ауданының Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының бас маманы Әділжан Берікболсын.

Ұйымдастырушылар ең бірінші Аксүйек көшесіндегі 16-үйге түгін және көміртегі тотығын анықтайтын қондырғыны орнатты. Үй иесі, зейнеткер Шолпан Боранбаева аталған қондырғының жергілікті халық үшін өте қажет зат екенін айтып, іс-шараны ұйымдастырушыларға өз ризашылығын жеткізді. Бұдан бөлек, көпбалалы ана Салтанат Ауқенованың шаңырағына және көру қабілеті бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар Берен Өтебаева, Қарашаш Тәшеновалардың үйіне де қауіпсіздік құрылғысы орнатылды.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ



АҒА БУЫНҒА АЙРЫҚША ҚАМҚОРЛЫҚ



Жуырда отандастарымыз Халықаралық қарттар күнін атап өтті. Осы орайда «AMANAT» мүшелері «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобасы аясында ел аумағында түрлі акция өткізді.

Мәселен, Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласындағы Ардагерлер үйінде зейнеткерлер арасында шахмат пен дойбыдан чемпионат ұйымдастырылды. Оған Түпқараған ауданының 20 тұрғыны қатысты. Сондай-ақ ақсақалдар партиялықтарға бір-қатар ұсынысын жеткізді.

— 1892 жылы қала атауы Ақкетік болған еді. Біз ономастикалық комиссияға өтініш айтып, тарихи атауды қалпына келтіруді сұрадық. Алайда бұл мәселенің әлі де шешімі табылған жоқ. Партия көмек көрсетеді деген үміттеміз. Сонымен қатар аудан орталығынан Таушық ауылына апаратын жол қол құрылысы бірнеше жылдан бері аяқталмай жатыр. Сол жұмысты да мүмкіндігінше жеделдетуді сұраймыз, — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Сүйеубаев.

Айта кетейік, 2021 жылы пайдалануға берілген Ардагерлер үйінің құрылысына Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Самат Мұсабаев демешілік еткен болатын.

Түркістан қаласында партиялықтар облыстық ардагерлер кеңесімен бірге әлеуметтік дүкен ашты. Онда аз қамтылған отбасылар, зейнеткерлер және өзге де



әлеуметтік жағдайы осал азаматтар киім-кешек пен тұрмыстық заттарды тегін ала алады. Дүкен демешілердің қаражаты есебінен жұмыс істейді. Сондай-ақ «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев жұмыс істеп, өнімді өркендеуіне үлес қосып жүрген ақсақалдарға алғыс хат табыс етті.

Таразда партиялықтар 83 жасқа толған Калипа Сақыпованы құттықтап барды. Ол өмірінің ондаған жылын сауда саласына арнап, бірнеше рет Сауда министрлігінің Құрмет грамотасы-

мен марапатталды. Сондай-ақ «AMANAT» мүшелері қоғамдық өмірге белсенді араласып жүрген 80 жастағы Людмила Чекалинаның шаңырағында болды. Зейнеткер қалалық ардагерлер кеңесінің мәдениет, спорт және ұлттаралық қатынасты нығайту жөніндегі комиссиясын 20 жылдан бері басқарып келеді. Сонымен қатар партиялықтар өмірде де, әдебиет айдынында да жұп жазбай келе жатқан Қайырбек Асанов пен Күләш Ахметованы мерекемен құттықтады. Барлығына естелік сыйлықтар табысталды.

«Біз — тәуелсіздік пен береке-бірліктің несібесі бұйырған, тарихы терең, тағылымы мол халықтың ұрпағымыз. Аға буынның қажырлы еңбегінің арқасында еліміз көп жетістікке қол жеткізді.

Оны әр азамат білуі және құрметтеуі керек», — деді «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов.

«AMANAT» партиясы аға буын өкілдеріне қамқорлық жасау мақсатында 2014 жылдан бері «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасын жүзеге асырып келеді. Осы уақыт аралығында ел аумағында 51 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды. Онда қарттардың белсенді өмір салтын ұстануына, физикалық және психологиялық денсаулығын жақсартуына, әңгіме-дүкен құрып, өзін-өзі дамытуына көп мүмкіндік жасалды.

Биылдың өзінде «AMANAT» партиясының мүшелері 20 мыңға жуық зейнеткерге атаулы көмек көрсетіп, 41 мыңға қарияға үйде медициналық қолдау ұйымдастырды. Қоғамдық комиссиялар мемлекеттік және жеке медициналық-әлеуметтік мекемелерде қарттарға жасалған жағдайды қадағалап, 303 рейд жүргізді.

«AMANAT»-тың сайлауалды бағдарламасында айтылғандай, қариялар лайықты зейнетақы алуы керек. Олардың жақсы тамақтануға, сапалы және қолжетімді ем алуға, белсенді өмір салтын ұстануға мүмкіндігі болуға тиіс.

ҚОСТАНАЙДА ОТБАСЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЕҢЕС ӨТТІ



«AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Кеңеске «Отбасылық терапия» жобасының жетекшісі Несібелі Басенованың төрағалығы етті. Отырыста Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелерін, атап айтқанда, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың кез келген түріне жазаны қатайту мәселелерін талқылады. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, сондай-ақ білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау қызметін күшейту, бірінші телефон сенімнің ұйымдастыру және зорлық-зомбылық пен қорқыту құрбандарына көмек көрсетудің тиімді бағдарламасын әзірлеу турасында да сөз қозғалды.

— Мемлекет басшысы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында еліміздің экономикалық дамуы туралы өз көзқарасын айтты. Сонымен қатар Президент экономика мен саясаттың ғана емес, біздің балаларымызға қатысты өмірлік маңызды мәселелерге де тоқталды. Әсіресе, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің назарын балалар мен жасөспірімдер мәселесіне аударды.

Оның айтуынша, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатайтып, жол инфрақұрылымының, ғимараттардың, балалардың киім-кешек, азық-түлік қауіпсіздігіне баса назар аудару қажет, — деді Несібелі Зариванқызы.

«Оның айтуынша, құқық қорғау органдары түнгі уақытта заңды өкілдерінің жүруінсіз үйден тыс немесе ойын-сауық орындарында жүрген жасөспірімдерді анықтау бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Жыл басынан бері осындай заңбұзушылыққа жол берген 2 667 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған», — дейді Қостанай облысы Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Алексей Миллюк.

Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне балаларды тәрбиелеу және асырау жөніндегі өз міндеттерін тиісінше орындамайтын (бейімсіз отбасылар) бақылау жүзеге асырылады. 2023 жылдың басынан бұл санат бойынша 761 адам профилактикалық есепке алынған екен.

Сонымен қатар Қазақстанда «150» бірінші сенім телефоны жұмыс істейді: бұл тәулік бойы

жұмыс істейтін және зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін мемлекеттік сенім телефоны екенін еске саламыз.

Кеңес мүшелері «AMANAT» партиясының Қостанай облысы бойынша «Халықпен бірге!» өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалу барысы туралы ақпаратты тыңдады.

Аймақтық Сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде аймағымызда 2023 жылдың соңына қарай ҚНЖЕ сәйкес келетін бейімделген нысандардың үлесі 155-ті құрауы тиіс. Алдағы 5 жылдың ішінде Қостанай облысында 754 нысанда бейімдеу шараларын аяқтау жоспарланса, биылғы 25 қыркүйекте облыста 111 нысан бейімделгені белгілі болды.

Ал биыл сегіз айда тұрғындарды жұмыспен қамту шараларымен 763 мүгедек қамтылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына 252 адам орналастырылған.

«Бүгінгі нақты жағдайда психологиялық көмек деген қажеттілік үнемі артып келеді. Облыста облыстық психологиялық қолдау және қосымша білім беру орталығында тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны жұмыс істейтін (317-08-58, 8(708)078-42-01) Анықтама телефоны тегін және анонимді, — дейді Қостанай облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары Данагул Сүйдінікова.

Айта кету керек, төрт жылдан бері облыс бойынша 479 психологиялық қызметке әдістемелік қолдау «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру орталығы» арқылы жүзеге асырылған. Орталықтың жаңа бағыттарының бірі — зорлық-зомбылық пен бузакшылықтың алдын алу. Осы бағытта орталық мамандары зорлық-зомбылық пен қорлау құрбандарына көмек көрсету бағдарламасын әзірлеу үстінде.

4 СПОРТ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін істері және жастар істері жөніндегі комиссияның төрағасы Асия Ақанованың жетекшілігімен кеңес өтті.

Кеңесте мәдениет пен спорт, дін істері мен жастардың салауатты өмірі мәселелері жан жақты талқыланды. Алматы қаласының тиісті мемлекеттік органдарының өкілдері «AMANAT» партиясы Сайлауалды бағдарламасының Жол картасын 2023 жылы іске асырылуы туралы баяндама жасады.

Алматы қаласының Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Онжан бірнеше оң бағыт-



тағы жұмыстардың барысы туралы есебін ортаға салды. Оның айтуынша, жыл соңына дейін 4 спорт кешені пайдалануға беріледі. Одан бөлек, спорттың шағын футбол, баскетбол, волейбол сияқты түрлері бойынша мектеп лигалары құрылып, қатарға 214 білім беру мектебінен 30 мың оқушы тартылмақ. Ал спорттың футбол, баскет-

бол, волейбол сынды түрлері бойынша студенттік лигалар жұмыс жасай алады. Қаладағы ЖОО-нан барлығы 20 мың студент қамтылған екен.

Басқарма басшысының мәліметінше, Алматыда тұрақты негізде дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 792 мың азамат бар болса, оның 383 мыңы балалар мен жасөспірімдер.

КӨПІРДІ КҮТҮМЕН КҮН КЕШКЕН...

Сыр өңіріндегі бірнеше ауданда теміржол өткелдерінің тозығы жетіп тұр. Бұл жайында тұрғындар талай мәрте айтып, жергілікті әкімдіктен жәрдем сұрады. Алайда түйткілді мәселенің түйіні әлі күнге түбегейлі шешілген емес.

Жалпы, өңір халық адам өміріне аса қауіп туғызған ескі көпірлер орнына жаңасын салу қажеттігін айтқанымен, өткелдің жыры басылар емес. Ал ескі өткелдердің азабын жергілікті жұртшылық әлі күнге дейін тартып келеді. Әсіресе, кейбір аймақтарда жалғыз көпірден ерсілі-қарсылы қатынаған көліктердің қалың нөпірі жаяу жүргіншілер тұрмақ, темір тұлпарды тізгіндеушілерді де мезі қылып жіберген.

Бұған дейін көпшіліктің ашу-ызасын туғызған мәселенің бірі — қаланың іргесіне қоныстанған Белкөл кентіндегі теміржол өткелі құрылысының әуірімдеп жүріп өзер пайдалануға берілгені ел есінде. Нақты айтқанда, 2010 жылдан бері кенттегі теміржол үстінен көпір салу мәселесі оң шешімін таппай келді. Соның салдарынан шойын жолдың арғы бетінде тұратын мыңнан астам халықтың кент орталығынан қатынауы мұңға айналды. Ақырында, 2021 жылдың қазан айында құны 225 млн теңгені құрайтын көпір құрылысы бастау алды. Бірақ құрылыс жұмыстары созылып кетіп, тексеру нәтижесінде мердігерлер жұмысы-



нан бірқатар кемшіліктер анықталғаны айтылды.

Осы жағдайдан кейін біраз уақытқа дейін тұралап қалған көпір құрылысы қайта жалғасып, биыл ғана толық аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Осылайша, 15-16 теміржолдың үстіне тартылған ұзындығы 100 метрдей болатын темір конструкциялық көпірдің игілігін көп жылдан бері зарғыға күткен кент халқы биыл ғана көре бастады.

Облыс орталығымен іргелес қоныстанған Жалағаш ауданында да көпір мәселесі көп жылдан бері кезегін күтіп тұрған болатын. Талай жыл жырға айналған құрылыс биыл ғана қолға алынды.

Негізінен, 14 мыңға жуық халқы бар Жалағаш кентінде теміржолдың арғы бетіндегі Дәуімбай ықшамауданын мекендейтін халықтың қарасы қалын. Сол аумақтан шойын жолды кесіп өте-

тін жұртшылықтың өміріне зор қауіп төніп тұр. Әсіресе, қыс мезгілінде мұздан тайып, жарақаттанғандар аз емес.

Көпірді көкесген жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы аудан орталығында биыл мамыр айында бастау алды. Көпірдің биіктігі — 12, ұзындығы — 55, ені 3,2 метрді құрайды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға 2 лифтте қарастырылған. Жоспарға сәйкес, көпір құрылысы алдағы қазан айында толық аяқталып, пайдалануға берілуі тиіс.

«Аудан орталығында теміржол үстінен салынып жатқан жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қазір көпір құрылысының 60 пайызы аяқталды. Нақты айтқанда, бетон құю жұмыстары аяқталуға жақын. Сырлау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Металл конструкторлар құрастырылып, дайын тұр. Бетон

құю жұмыстары аяқталса, қондырғы орнатылады. Жалпы, жергілікті жұртшылық жылдың соңына дейін жана көпірдің игілігін көретін болады», — деп мәлімдеді Жалағаш ауданы әкімдігінен.

Осылайша, жергілікті жамағат аз уақыттан кейін жана да қауіпсіз жаяу жүргіншілер көпірін пайдалануға үмітті. Тек құрылыс жұмыстары сапалы жүргізілсе деген талабы бар.

Көпірге мұқтаж аймақтың тағы бірі — облыс орталығынан шалғай орналасқан Арал ауданы. Аудан орталығындағы ескі өткелдері көлік кептелісі көп жылдан бері елдің ашу-ызасын туғызып келеді. Талай жыл жырға айналған жана көпір салу ісі биыл қайта қозғалды. Нәтижесінде, заманауи үлгідегі теміржол өткелі салынауы айтылып, қуанышты хабар өңір халқын зор қуанышқа бөлеген еді. Мамандар жалпы құны 3 млрд 143 млн теңгені құрайтын аспалы көпір халық талабын толық өтейтініне нық сенім білдіреді. Қажетті қаржы көздері ұлттық қордан және республикалық бюджеттен қаралып отыр. Тіпті, ауданға жұмыс сапары барысында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев биыл теміржол үстінен жана көпір құрылысы қарқын алатынын айтып, сүйіншілегені ел есінде.

Алайда биылғы көктемде халықты қуанышқа бөлеген бұл жағымды жаңалық көптің күткендей болмай шықты. Созбалған

ға салынған құрылыс жұмыстары жергілікті жұртшылықты күмәнді ойға жетелей бастады.

Себебі жыл басында басталған құрылыс жұмыстарынан әлі күнге дейін оң нәтиже болмай тұр. Тұрғындардың айтуынша, жыл аяғы жақындап қалса да, мезеленген жұмыстардың жартысы да аяқталмаған. Ал мамандар топырақтың қаттылығы құрылыс жұмыстарын кестеге сай жүргізуге кері әсерін тигізіп тұрғанын алға тартады.

Жергілікті жұртшылық көпір салынатын орынға да көнілі толмайтынын айтып отыр. Жана өткел сорлы аймаққа салынып жатыр. Сондықтан жердің қаттылығы құрылыс жұмыстарын бәсеңдетіп тұр. Сондай-ақ құрылыс жүргізіліп жатқан аумақтың батыс жағына жүк көліктеріне арнап жол құрылысы қарқын алған. Бұл да келешекте көлік қатынасында кері әсерін тигізеді деп есептейді.

Ал Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі құрылыс жұмыстары талапқа сай жүргізіліп жатқанын, көпір 2024 жылдың соңына таяу ел игілігіне пайдалануға берілетініне нық сенімді.

«Аудан орталығына аспалы көпірдің қажеттігі көп жылдан бері өзекті мәселеге айналғаны жасырын емес. Бұл түйткілдің түйіні биыл ғана тарқатылып, құрылыс жұмыстары бастау алды. Қазір көпірге бөлінген қаржының 50 пайызын алып, жұмыс жүргізіліп жатыр. Нақты кезеңде көпірдің тіреуіш бағандарын қағу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ

өткелдің қабырғаларын бекіту, көпірдің орнын дайындау жұмыстары қарқын алды. Құрылысқа қажетті материалдар жеткізілуде. Тиісті жұмыстарды мердігер компания Қарағанды облысының «Ритм» ЖШС қолға алды. Бүгінде құрылыс басында 50-ге жуық жұмысшы күші және 10-15 техника жұмылдырылған», — дейді бөлім басшысы Шерхан Есжанов.

Бөлім басшысы, жердің қаттылығы құрылыс жұмыстарының жедел жүруіне кері ықпалын тигізіп тұрғанын жокқа шығармады. Оның айтуынша, қабырға тіреуіштерін орнату үшін жерді құрғылау жұмыстары үлкен киіндық туғызып отыр. Соған орай құрылыс жұмыстарын толық аяқтау алдағы жыл еңісіне қалдырылып отырғанын мәлімдеді.

Негізінен, облысқа қарасты өзге аудандарда да теміржол өткелі өзектілігін жойған емес. Мәселен, Қармақшы ауданында көпір салу ісі көп жылдан бері сөз болғанымен, әлі күнге нақты нәтиже жоқ. Ал аймақтың онтустік аудандарында теміржол өткелінің тозығы жетіп тұр.

Жалпы, Сыр халқы сапалы көпір қызметін күтумен күн өткізіп келеді. Бұған дейін өңірде салынған бірқатар көпірлерден ақау шығып, елдің үрейін ұшырған сәт көпшіліктің жалынан шыға қойған жоқ. Сондықтан адам саулығын алдыңғы орынға қойып, көпір құрылыстарына жүрдім-бардым қарауға болмайтынын ескеретін кез келген сияқты.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Қазақстанның өзге елдермен сауда-саттығы ең жоғарғы межеге жетіп, тарихи рекорд орнатты. 2022 жылы еліміздің сыртқы сауда айналымы 136 миллиард доллар болды. Соның ішінде экспортымыз 84 миллиард доллардан асты. Биыл Қазақстан бұл тарихи жетістігін қайталай ала ма? Президенттің АҚШ, Германия, Түркия сияқты басты сауда әріптестерімізге сапары оған серпін беруге тиіс. Бұған қоса, елімізде тек экспорт мәселелерімен айналысатын жаңа агенттік құрылды.

Айхан ШӘРІП

ЖАРҚЫН РЕКОРДТЫ ЖАҢАРТА АЛАМЫЗ БА?

Мемлекет басшысы, әсіресе дайын өнім экспортын дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

«Экспортты ұлғайтуға айрықша мән беру керек. Оның әдіс-тәсілдері болғанымен, жүйелі ұстаным жоқ. Осы орайда KazakhExport компаниясы экспортты дамытатын толыққанды институтқа айналады. Компанияға осы міндетті атқаруға қажетті құзырет берілуі тиіс», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған орай Үкімет 2003 жылы құрылып, 20 жыл бар-жоғы белгісіз болып, бұйығы жатқан KazakhExport компаниясын жарыққа шығарып, оның базасында құрылатын агенттікке мол қаражат бөлуге, тиісті құзырлар беруге кірісті.

Өз кезегінде Сауда және интеграция министрлігі «Кейбір заңнамалық актілерге экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасын әзірледі. Оны Мәжіліс бірінші оқылымда қабылдады. Дегенмен құжат сарапшылар арасында пікірталас туғызуға. Олар бар назар алпауыттар мен олигархтарға ауып, отандық орташа экспорттаушылар лайықты көмек алмайды деп алаңдайды.

Заң қабылданған соң KazakhExport бізден тауар таситын шетелдік, ресейлік компанияларды да жарылқайтын болады. «Бұл санкцияны айналып өтуге соқтырмас па?» деген заңды сауал туғызады. Себебі санкцияларды аттап өту, сұр импортты жүзеге асыру, яғни өнімдерді бренд иелерінің рұқсатынсыз тасу үшін ресейлік компаниялар Қазақстанның, өзге елдердің юрисдикциясына көшіп, қайта тіркеледі.

Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтың түсіндіруінше, KazakhExport сақтандырумен, қайта сақтандырумен, шикізаттық емес экспортты қаржылық қолдаумен, дамытумен айналысатын экспорттық-кредиттік агенттікке айналады.

Жаңа агенттік алдына Мемлекет басшысы қандай мұрат-миссия белгіледі? Ең бастысы, ол 2025 жылға қарай шикізаттық емес тауарлар экспортының көлемін 41 миллиард долларға дейін өсіруге ықпал етуге міндетті.

Сауда вице-министрінің айтуынша, Қазақстан былтыр жаһандық нарыққа шикізаттық емес өнімдерімізді 26,5 миллиард долларға өткізе алды. Бұл — бұрын болмаған тарихи рекорд. Биыл рекорд жаңарады деп күтілуде. Себебі 2023 жылдың I-тоқсанында өңделген өнімдердің сыртқы сауда (импорт пен экспорт) көлемі 18,8 млрд долларды құрады. Яғни, 2022 жылғы ұқсас кезеңдегіден үштен бірге көп. Соның ішінде шикізаттық емес тауарлардың экспорты 7,6%

ЖАҢАНДЫҚ ҚАРА БАЗАРДА САТАРЫМЫЗ КӨБЕЙСІН



“

Үкімет 2003 жылы құрылып, 20 жыл бар-жоғы белгісіз болып, бұйығы жатқан KazakhExport компаниясын жарыққа шығарып, оның базасында құрылатын агенттікке мол қаражат бөлуге, тиісті құзырлар беруге кірісті.

өсіп, бір ғана тоқсанда 5,9 млрд долларға жетті.

Қайрат Төребаевтың мәліметінше, экспорттың өсімі тауарлық позициялардың санын кеңейту есебінен қамтамасыз етілді. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ елінің әлемдік қара базарда саудалайтын өнімдерінің ассортименті артты. Нәтижесінде, биылғы I-тоқсанда экспортқа шығарылатын отандық өнімдердің тауарлық позицияларының саны 767-ге ұлғайды. Бұл ретте бір позиция бірнеше брендтен тұруы мүмкін. Мысалы, сүт өнімдерін жалғыз емес, бірнеше компания төл тауарлық белгілерімен шетелге сатады.

Қазақстанның шикізаттық емес экспортын осы жылы дүниежүзіндегі 106 мемлекет тұтынуға. Осылайша, 2022 жылға қарағанда тұтынушыларымыздың қатары тағы 6 елге кеңейді.

KazakhExport-тың басқа міндеттеріне: экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі халықаралық тәжірибесін Қазақстанда енгізу, экспорттау географиясын кеңейту, халықаралық ынтымақ

тастықты өрістету, өнімді сату есебінен республикалық бюджетті толтыруға, салықтарды төлеуге, ел экономикасын дамытуға үлес қосу, экспорттаушылармен бірге жаңа жұмыс орындарын құру және өзгесі кіреді.

ӨКТЕМ ӨСІМНІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Әйткенмен, бірқатар сарапшы билік-тегілердің оптимизміне ортақтаса алмады. Үкімет 2022 жылы қазақстандық экспорттың ауқымы рекордтық 84,4 миллиард долларға жеткеніне мақтанып, оны төл жетістігіне жазды. Ал сарапшылардың түсіндіруінше, біріншіден, бұл тек он жылдағы рекорд: 2013 жылы Қазақстанның экспорты 82,5 млрд доллар болған. Бірақ ел тарихында экспортымыздың былтырғыдан да көп болып, жүз миллиардтық межеге таяған кездері кездеседі. Мәселен, 2012 жылы қазақстандық экспорттың ауқымы 92,3 млрд долларға жеткен. Содан соң құлдырады.

Екіншіден, ел экспортының өсіміне сол бұрынғыдай, шикізат, соның ішінде

мұнай мен металдар серпін берді. Мұнайды саудалаудан түскен табысымыз 2022 жылы бірден 51 пайызға көбейіп, 46,9 млрд долларды құрады. Нәтижесінде, республикамыздың бүкіл экспортының 56 пайызы бір ғана мұнайға тиесілі. Ендеше Қазақстан сол бұрынғыдай қара алтынға тәуелді экономика саналады.

Мұның сыртында мыстың кірісі — 15 пайыз немесе 3,7 млрд долларға дейін, феррокорытпаларда — 51 пайыз немесе 3,4 миллиардқа дейін, уранда — 95 пайыз немесе 3,4 миллиардқа дейін, мыс кендерінде — 51 пайыз немесе 2,4 млрд долларға дейін ұлғайды. Сонымен қатар шикізаттың өзге түрлері, соның ішінде бидай (+37 пайыз), көмір (2,4 есе), мырыш (+43 пайыз), күкірт (+91 пайыз) және басқасының түсімдері күрт өсті.

Қазақстанның экономикалық зерттеулер институтының сарапшысы Ернар Серік 2022 жылғы экспорт көрсеткішінің жоғарылауы негізінен шикізаттық тауарлар мен металдар бағасының қымбаттауы арқылы қамтамасыз етілгенін қаперге салды. Оның бағалауынша, тауарайналымның жылдық өсімінің 32 пайыздан астамы — жаһандық нарықтардағы шикізат құнының артуымен, сондай-ақ әлемдегі инфляцияның шарықтауымен байланысты. Мұнда Үкіметтің еңбегі жоқ. Баға құлдыраса, экспорт та төменге ылдидай жөнелмек.

Экономист Марат Ерғозин Үкіметтің салада жаңа агенттік құруға амалсыздан барып отырғанын айтады.

«Негізі, Мемлекет басшысының экономикаға мемлекеттің араласуын азайту жөніндегі міндеті аясында керісінше, KazakhExport базасында агенттік құруға тыйым салынуы тиіс еді. Өйткені дамыған елдерде мұның бәрімен жеке бизнес айналысады. Экспортты да солар сақтандырады. Сауда министрлігі Ресей, Венгрия, Үндістандағы экспорттық-кредиттік агенттіктердің қызметін зерделегенін алға тартты. Шынында, бұлардың бәрі дамыған ел емес. Қазақстан солардың жолын құшуға мәжбүр. Республикада бүгінде 29 сақтандыру компаниясы бар: олардың ешқайсысы экспортты сақтандырумен шұғылданбайды, экспорттық компанияларға қызмет етпейді. Мысалы, олардың бірде бірін мұнай таситын танкерлік флоты бар компанияны сақтандыруға қауқары жетпейді», — деді экономист.

Мұның бәрі биліктің қазақстандық сақтандыру нарығын дамыта алмауының кесірі. Әлемде көптеген өнім экспорты бойынша Қазақстан лидерлердің сапында жүргенімен, шетелден бірде бір алпауыт компания қазақстандық сақтандыру нарығына кірмеді. Себебі нарығымыз тым шағын: Ұлттық банктің дерегіне, 2023 жылдың бірінші жартысында сақтандыру ұйымдарының активтері небары 1,6 пайызға өсіп, 2,4 трлн теңгені құрады. Бұл 5 миллиард долларға да жетпейді.

Салыстырсақ, әлемдегі рейтинг бағасындағы америкалық UnitedHealth Group пен қытайлық Ping An Insurance Group секторы компанияларының әрқасысының активі 500 миллиард доллардай. Бүкіл қазақстандық сақтандыру нарығынан 100 есе көп.

Содан KazakhExport компаниясына бюджеттік миллиардтарды құйып, отандық экспортты өзі сақтандыруға Үкімет лажсыз қонды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ШЕТҚАҚПАЙ ҚАЛМАСЫН

Өндеу өнеркәсібі дағдының атқарушы директоры Әсел Данғинова онсыз да ақсап жатқан экспорттаушыларды қолдау саласы ауыс-түйіске бола дағдарма деп алаңдаушылық білдірді.

«KazakhExport-тан экспорттық-кредиттік агенттік жасаған жөн. Алайда бұл алтын уақытты алып қоюы мүмкін. Жаңа мақсаттар жүгін көтере алатын жаңа, білікті команда жасақтау керек. Оның мүшелері өз міндеттерінің мәні мен маңызына бойлап, жұмыс ауқымын түсінуі қажет. Содан соң қағидаларды қайта жазып, НҚА-ларға, тіпті заңнамаға өзгерістер енгізуі тиіс. Ортақ ақпараттық жүйе және басқасы әзір етілуі шарт. Ал осы кезде экспорттаушылар жаңа жағдайға бейімделу үшін жаңа ойын ережелерін күтеді. Сондықтан дайын өнімдер экспорттаушылары бұған дейін берген өтініштер бойынша міндеттемелерін мемлекет толыққанды және үздіксіз орындап отырғаны маңызды. Ары қарай бұл процесс оңтайландырылып, экспорттаушылар мемлекеттік қолдауды жеңілдетілген тәртіппен әрі барынша қысқа уақытта алуы керек», — деді сарапшы.

Оның айтуынша, отандық экспорттаушылар саны көп емес. Олардың санын көбейту үшін жаңа агенттік тіімді, тегеурінді әрекет етуі қажет.

KazakhExport-қа қатысты заң жобасында агенттікке жаңа функция — «сауданы қаржыландыру ставкаларын субсидиялау» құзыры берілмек. Жаңа құрал болғандықтан, оны қолдану да қиын болатынын Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев мойындады.

«Десек те, біз бұл тетіктен бас тартпаймыз. Өйткені көптеген шетелдік компания осы қызметті көрсетеді және бұл экспорттаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажет. Мысалы, шетелдік импорттер қазақстандық өнімді импорттағысы келеді. Біз оған кредит беруден шектелмейміз, сонымен бірге импорттаушы алған несенің пайыздық ставкаларын субсидиялап, арзандатып береміз. Сөйтіп, оның кредитінің ставкасын ЭЫДҰ белгілейтін деңгейге дейін түсіре аламыз. Осы арқылы жоғары технологиялы отандық өнімдердің экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтеміз», — деді Қ.Төребаев.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін елдерде CIRR, яғни экспорттық кредиттер бойынша белгіленетін пайыздық ставканың доллардағы ең төменгі мөлшері — небары 1,99 пайыз ғана. Осы орайда халықаралық сарапшылар Қазақстаннан Ресейге жоғары технологиялы өнімдерді, атап айтқанда, санкцияға іліккен, тыйым салынған дрондарды, электрониканы таситын жеке компанияларды әшкереледі. Енді оларға Үкімет бюджет қаржысын шығындап, көмек берсе не болмақ? Мұндай масқараға жол бермеу үшін жаңа агенттіктің жұмысына бақылау мықты болса игі. Бірақ KazakhExport — квазимемлекеттік сектордың ұйымы болғандықтан, оны Парламент бақылай алмайды екен.

Қалай болғанда, қолдау Қытайдан тасылып, жалған сертификаттармен «қазақстандық өнімге» айналатындарға емес, нағыз отандық өнімдерге сүйеу болса игі.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТЫ ҰСТАУ МҮМКІН БЕ?

Кеше Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевтің төрағалығымен аппарат кеңесі өтті. Кеңес отырысында азық-түлік бағасын реттеу мақсатында атқарылып жатқан істер талқыға салынды. Облыс әкімі өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына дұрыс талдау жасалмай отырғанын атап өтті.

Жанат КӨШКІНБАЙ

Алдымен сөз алған облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық басқармасының басшысы Нұржан Өтебаев азық-түлік бағасының өте құбылмалы екенін атап өтті.

— Азық-түлік бағасы құбылып тұрады. Осы апта арзан болған өнім келесі апта қымбаттап жатады немесе керісінше. Мәселен, өткен аптада тауық жұмыртқасы бағасының өсуі (+2,3%), сәбіз (-3,5%) және пияз (-4,7%) бағасының төмендеуі байқалды. Жыл басынан бері бағасы ең қатты өскені қырыққабат (+44%), күріш (+28,7%), сәбіз (+27%), сүзбе (+26,7%) және май (25,4%) болды. Сондай-ақ жыл басынан бері қарақұмық жармасы (-43%), жұмыртқа (-19,8%), картоп (-15,5), күнбағыс майы (-11,3%), қант (-11%) және тауық еті (-5,9%) бағалары төмендеді, — деді.

Қазір әлеуметтік маңызы бар өнімдер шынымен қымбат. Баға апта сайын емес күн сайын өзгеріп тұрғаны жасырын емес. Осы мәселені кенеске қатысушылар ортаға салды. Кенеске қатысушылар бағаны өсіріп отырған алыпсатарлар екенін айтты. Бүгінде сол делдалдармен жұмыс күшейтілуі қажет.

— Бүгінгі таңда облыстың барлық аудандарында тиімсіз делдалдарды жою бойынша жұмыс жүргізілуде. Ол үшін арнайы комиссия құрылды. Жыл басынан бері комиссия 68 отырыс өткізді. Комиссия шенберінде 165 кәсіпорын бойынша электрондық шот-фактураларды тексеру жүзеге асырылды. Комиссия жұмысы барысында барлығы 17 факт анықталды, оның ішінде 14 — делдал-кәсіпорындар және 3 — сауда үстемесінің шекті рұқсат етілген мөлшерінен асып кету фактілері. Кәсіпкерлерге қатысты әкімшілік ықпал ету шаралары қабылданды. Нәтижесінде, облыс бойынша 75-тен астам сауда нүктелеріне тауарөндірушілерден немесе көтерме өткізушілерден тауарларды тікелей жеткізу ұйымдастырылды, — деп атап өтті Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық басқармасының басшысы Нұржан Өтебаев.

Аймақ басшысы онлайн байланыс арқылы облыс орталығынан алыс жатқан аудан әкімдерінің есебін тыңдады. Байланысқа шыққан Бөкей Ордасы, Жәнібек аудандарындағы жағдай да дәл қаладағыдай. Себебі олар — өте алыс аудандар.

— Біздің кәсіпкерлер азық-түлік бағасын тым төмен қоя алмайды. Себебі жол қашық, шығынды жаппайды. Кә-

сіпкерлер алғашқы бағадан төменге келіспейді, — деді шалғай жатқан аудандардың әкімдері.

Жиында нан бағасы қызу талқыланды. Кенесте сөз алған сарапшылар өз ойларын ортаға салды.

— Біздің облысқа дәл қазір Ресейдің астығы кіріп жатыр. Олар 70-80 пайызға төменге саудалануда. Соған қарамастан нан бағасы түспей отыр. Халыққа қажетті ақпарат уақытында жетпейді. Мәселен, халық әр тағамның құнын білсе, оған қосылуы тиіс заңды үстемені білсе азық-түлік саудасында жүргендер бағаны өз еркімен өсіре алмайды. Біздің халық дұрыс ақпараттанса, олар өз құқықтарын қорғайды, тұтынушы құқығы деген осы, — деді «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Мұрат Мұқаев.

Жалпы, әлеуметтік азық-түлік бағасына мониторингті Батыс Қазақстан облысының Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті жүргізеді. Департамент басшысы Эльмира Киматова:

— 18-29 қыркүйек аралығында Бөрлі, Теректі, Таскала, Бөйтерек аудандарының сауда нысандарына бардық. Барлығы 35 сауда нысаны қаралды. Сауда үстемесі талабының сақталуын қадағалау мақса-



тында біздің мамандар үнемі дүкендерді аралап тұрады, — деді.

Биыл департамент 12 тексеріс жүргізген. Соның нәтижесінде баға үстемесін шектен тыс асырғаны үшін 7 сауда нүктесі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, алты сауда нүктесіне ескерту берілген.

Жиында аймақ басшысы Нариман Төреғалиев азық-түлік бағасын тұрақты ұстап тұру үшін нақты қандай жұмыстар жасап жатырсыздар деген сұрақ қойды. Өкінішке қарай, әкім сұрағына мардымды жауап болмады.

Өңір басшысы: «Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін сіздер нақты жоспар құрып, дұрыс талдау жасамай отырсыздар. Сіздер көрші облыстардағы әріптестермен байланысып, олар бағаны қалай тұрақтандырып отырғанын анықтау керексіздер. Осымен азық-түлік бағасына қатысты екінші жиын өтіп жатыр. Сіздерде әлі күнге дұрыс анализ жоқ, — деп шүйлікті жиынға қатысушыларға.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақты ұстау үшін көбіне тұрақтандыру қорындағы азық-түлік қолданылады.

— Қазір 2,0 млрд теңге сомасына 10 362 тонна азық-түлік тауарлары бар. Бүгінде тұрақтандыру қорының тауарлары ірі сауда нысандарында халыққа қолжетімді бағамен сатылуда. Мысалы, күріштің 1 келісі — 347-350 теңгеден, қарақұмық жармасы 330 теңгеден сатылуда. Қазан айынан бастап тауық жұмыртқасы және күнбағыс майы және қарақұмық айынан бастап көкөніс өнімдері (картоп, пияз, қырыққабат, сәбіз) сатылатын болады. Аталған тауарларға сауда үстемесі Орал қаласында — 10% және аудандарға — 15% қосылады, — деді АҚАІҰӘ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы басшысының міндетін атқарушы Қазбек Узықанов.

Кеңес соңында өңір басшысы азық-түлік бағасын қадағалауды күшейтуді тапсырды.

ТҮРКІСТАН ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ

Құрылғанына 5 жыл толған Түркістан облысының даму қарқыны бүгінде ұлғая түсуде. Айталық, түркі жұртының рухани астанасы атанған Түркістан қаласының қайта түлеп, қасиетті шаһардың келбеті мен тарихи құндылықтары келген туристерді тамсандырса, өңірдің тыныс-тіршілігімен үндесіп жатқан ауылдардағы шаруашылықтар мен кәсіпкерлік саланың жұмысы жанданып жатыр. Бұл туралы жақында өңір басшысы Дархан Сатыбалдының облыстағы барлық аудан-қала тұрғындарымен кездесіп, есеп беру барысында көзіміз жеткен болатын. Әрине, алда атқарар шаруа шаш етектен. Мемлекет басшысының әсіресе Жолдауынан бастау алатын түрлі бағыттағы тапсырмаларын орындау мақсатында жергілікті билік еңбек етуде. Мақсат – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, өңірдің дамуына үлес қосу. Облысқа респубикалық бюджеттен бөлінген және ішкі өнім өндіру бойынша әншілік табыстардан түскен қаржыны тиімді жұмсау облыс басшылығының қатаң бақылауында тұр.



Жақында ғана аудан-қалалардың жұртшылығымен кездесу жасаған облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы тағыда өңірді аралап, өткендегі кездесу барысындағы айтылғандарды назардан тыс қалдырмай және жоспарлар бойынша атқарылуы тиіс жұмыстарды пысықтап, аймақтың жұмысымен танысып жүр.

Осы тұрғыда Сайрам ауданына іссапармен барған облыс әкімі Дархан Сатыбалды алдымен аудандағы кәсіпорындар мен өндіріс орындарының жұмысымен танысты.

Айталық, еліміздегі мол көлемде банан өндіретін алғашқы кәсіпорын Сайрам ауданында орналасқан. Түркітін Gen group Qazaqstan компаниясы 5,3 гектар жылыжай кешенін салып, банан отырғызған. Өсірілетін банан сорты арнайы Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделген. Алғашқы өнімді 6 айдан кейін жинау жоспарлануда.

Кәсіпорын басшысы Тимур Утешовтың мәліметінше, алдағы уақытта манго, авокадо сынды жеміс түрлерін өндіруді жоспарлап отыр. Экзотикалық жемістерден басқа, жылыжайда қызанақ пен құлпынай өсіріледі. Жобаның бірінші кезеңдегі құны 4 млн АҚШ доллары құрайды. Құрылыс сапасы жоғары, жылыжайлар климаттық бақылау мен бейімделгіш корктендіру жүйесімен жабдықталған.

Қазақстанда баламасы жоқ кәсіпорын жақын арада жылыжай жерін 5 гектарға кеңейтпек. Қайнарбұлақ ауылдық округінде орналасқан жылыжай жылына шамамен 1 000 тонна банан өндіруге мүмкіндік береді. Бұл ішкі нарықты қажеттілігін 1 пайызға қамтамасыз етіп отыр.

Облыс әкімі келесі кезекте «Қасымбек Датқа» елді мекеніндегі «Шымыр-Медет» лимон жылыжайына барды. Жалпы көлемі 1 гектар жерде 2000 түп лимон көшеті отырғызылған. Жылына 80 млн лимон өнім береді. Бұл лимонарий облыс аумағындағы ең үлкен жылыжай болып саналады.

Облыс басшысы егістікті әртараптандырудың маңыздылығын атап өтті.

Егістікті әртараптандыру, баланс ұстау аса маңызды. Біз жыл сайын тек бір дақылдарды екпейміз керек. Нарыққа назар аударып, жоғары сұранысқа ие дүниелерді бақылаған жөн. Өзімізді барлық қажетті өніммен қамтамасыз ету және сол арқылы бағаны тұрақтандыру үшін аймақтың азық-түлік қауіпсіздігі саласына барынша қамқорлық таныту қажет, — деп атап өтті Дархан Сатыбалды.

Егістікті суармалы сумен қамту мәселесіне көңіл бөлген аймақ басшысы барлық қолда бар мүмкіндікті пайдалануды және жерасты суларының қорларын зерттеу жұмыстарын жалғастыруды, сондай-ақ барлық су ресурсының теңгерімін зерделеуді тапсырды.

Бұдан соң облыс басшылығы жобалық құны 2,1 млрд теңгені құрайтын Mangystau Oil Refeining мұнай өнімдерін өңдеу зауытына табан тіреді. Зауытта сұйылтылған көмірсутек газы, бензин еріткіші, көмірсутек еріткіші, уайт-спирит (нефрас), автокөлік бензині, техникалық керосин, дизель отыны, қазандық отындары өндіріледі. Зауыт жылына 250 мың тонна өнім өндіруге қауқарлы кәсіпорында 60 адам жұмыспен қамтылған.

Құрама жем шығаратын зауыттың жұмысымен танысқан облыс әкіміне өндіріс орны жылына 60 мың тонна мал азығын өндіретіні және бүгінде зауыт өнімін ішкі нарыққа және Өзбекстан Республикасына экспортқа жіберілетіні туралы баяндалды. Жалпы, бұл нысанның жобалық құны — 600 млн теңге. Бұл жерде жергілікті тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтылған.

Облыс басшысына ауданда орналасатын индустриалды аймақ таныстырылды. 80 гектар жерде ауданның инвестициялық жобалары жүзеге асырылады.

Кәсіпкерліктің басым бөлігі ауыл шаруашылығы бағытында болса, одан бөлек сауда және қызмет көрсету салаларын қамтиды.

Сайрам ауданы әкімі Арман Сәбитов облыс басшысының өткенде ғана аудан халқымен кездесуі барысында көтерілген мәселелердің оң шешімін тауып жатқанын жеткізе отырып, аудандағы атқарылып жатқан өзге де жұмыстар мен жоспарлары туралы баяндалды.

Аудан әкімінің мәліметінше, ауданда ағымдағы жылдың 8 айында әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны тұрақты. Жалпы, өңірлік өнім көлемі 137,9 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,5 пайызға немесе 2,0 млрд теңгеге артты. Оның ішінде өнеркәсіп саласында 29,4 млрд теңгенің өнімі, ауыл шаруашылығы саласында 72,3 млрд теңгенің өнімі өндірілсе, құрылыс жұмыстарының көлемі 7,2 млрд теңгені, ауданға тартылған инвестиция көлемі 32,9 млрд теңге болды.

Ал өнеркәсіп саласында жыл басынан 68 кәсіпорынмен 29,4 млрд теңгенің өнімі өндірілген болса, оның ішінде 23,7 млрд теңгесі немесе 80 пайызы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Өнеркәсіпте өндірілген өнім көлемі 3 жылда 1,7 есеге артқан.

Ауданның негізгі тіршілігі болып саналатын ауыл шаруашылығы саласында жыл басынан 72,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, облыстағы өнім көлемінің 14,3 пайызын құрады. Ауданда 75,5 гектар жерге жылыжай орналасқан болса, ағымдағы жылы 17,5 гектар жылыжай іске қосылды.

Бүгінде ауданда жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны былтырғы жылмен салыстырғанда 28,4 пайызға артып, 22 мың бірікті құрады. Оның 12 мыңы немесе

“

Жақында ғана аудан-қалалардың жұртшылығымен кездесу жасаған облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы тағыда өңірді аралап, өткендегі кездесу барысындағы айтылғандарды назардан тыс қалдырмай және жоспарлар бойынша атқарылуы тиіс жұмыстарды пысықтап, аймақтың жұмысымен танысып жүр.

Бұдан соң облыс басшысы Сайрам ауданының кәсіпкерлерімен және инвесторларымен бизнес саласын талқылау бойынша кездесу өткізді. Кездесу барысында бизнес саласындағы мәселелер мен ұсыныстар талқыланды.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, қоғамдық алуақатты арттыру секілді мәселелерді шешу бойынша берген тапсырмаларын тыңғылықты орындау қажет екенін айтты.

Айта кетейік, бұған дейін облыс әкімі кәсіпкерлік белсенділікті және инвестициялық тартымдылықты күшейту туралы тапсырма берген болатын. Аудан басшылығы тарапынан сол тапсырмалардың жүзеге асу барысы баяндалды.

Атап айтқанда, мал қалдықтарын ашық жерге төкпеу үшін қалдықтарды қабылдайтын орын ашылды. Алда жергілікті кәсіпкерлер оны өңдейтін кәсіпорын салуды көздеп отыр. Алда автоматты газдалған бетон шығаратын зауыт ашылмақ. Инвесторлар көмегімен жылына 20 мың тонна тонна өнім шығаратын құс фабрикасын салуды қолға алмақ.

Басқосуға 50-ге жуық ісін жана бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер қатысты. Кездесу еркін қарым-қатынас форматында өтті. Онда бизнесті қолдау бағытындағы мемлекеттік қолдау шаралары кенінен талқыланды. Бизнес қордаланған мәселелері мен ұсынысын айтты. Сонымен қатар шараға мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Сайрам ауданының кәсіпкерлері тәжірибе жинау үшін Қытай еліне баруды жоспарлауда. Ондағы зауыт, фабрикалардың жұмысымен таныспақ.

— Кәсіпкерлердің жеке бастамасына барынша қолдау көрсету қажет. Бұл бағытта жұмыстарға күш саламыз. Сайрам ауданында кәсіпкерліктің даму қарқыны жақсы. Осыны дамыту керек. Оған ауданда ашылатын индустриалды аймақтың үлесі мол болмақ. Біз мемлекет пен бизнес арасында жана қарым-қатынас орнатуымыз керек. Бүгінгі басты міндетіміз — бизнес пен мемлекеттің аппараттың толық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. Сіздердің бастамаларыңыз туралы үнемі хабардармын. Қытай сапарынан кейін өздеріңізден жақсы бастамалар күтеміз. Ел дамуындағы өзгерістер бизнеспен тікелей байланысты болғандықтан, саяси реформаларды бірлесіп жүзеге асыруымыз керек. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететіндігі сөзсіз. Осыған орай бизнес өкілдерін жаңа жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға шақырамын, — деді Дархан Сатыбалды.

Кәсіп иелері электрэнергия тапшылығы жайлы сөз қозғады. Мәселені шешу жолдары қарастырылды. Кәсібин кеңейтуді көздегендер жер қарастыру жайлы сұраныс берді. Сондай-ақ маман тапшылығы мәселесін көтерген кәсіпкерлер зауыттарда инженер-механик мамандығы жетіспейтінін жеткізді. Ол үшін арнайы оқу орындарымен байланыс орнату қолға алынатыны баяндалды.

Айта кетейік, Сайрам — шағын және орта кәсіпкерлік саласы дамыған аудан.

55 пайызы жеке кәсіпкерлер. Олар аудан экономикасының дамуына үлес қосуда.

Жергілікті бюджетке жыл басынан 9,3 млрд теңге салық түсімдері түссе, оның ішінде 4,3 млрд теңгесі немесе 46 пайызы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері есебінен түсіп отыр. Бұл өз кезегінде аудандағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталуда.

Биыл 8 ай көлемінде ауданға 32,6 млрд теңге инвестиция тартылып, былтырғы жылдың 8 айымен салыстырғанда өсім 44,3 пайызға немесе 10,0 млрд теңгеге артты. Аудандағы жыл басынан тартылған инвестицияның 93,3 пайызы жеке инвестиция. Осылайша, соңғы 3 жылда тартылған жеке инвестиция көлемі 2 есеге артқан.

2023-2024 жылдарға ауданда 75 млрд теңгеге 19 жобаны іске асырып, 886 жана жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Жыл басынан 11 млрд теңгеге 9 жоба іске қосылып, 279 жұмыс орны ашылды (құнбағыс майын шығаратын цех, газоблок және темірбетон зауыты, алкогольсіз сусындар шығаратын зауыт, жылыжай құрылысы).

Аудан әкімі жиын барысында жоғарда айтылғандай, республикада баламасы жоқ банан өсіруге арналған жылыжай кешені туралы айтып берді. Ол сондай-ақ жыл соңына дейін құны 2,6 млрд теңгеге 5 жоба іске қосылса, қалған 5 жобаны іске асыру 2024 жылға жоспарлануда.

Оның ішінде «Тұран Агро ет-сүт» өндірістік кооперативі сүт өнімдерін өндіреді, құны — 450 млн теңге, 20 жұмыс орны ашылды.

Meat magnat ЖШС 2 мың ірі кара малға арналған бордақылау алаңын салып жатыр, құны — 800 млн теңге, 10 адам жұмыспен қамтылады.

Samid Master ЖШС ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін зауыт құрылысы, жобаның құны — 650,0 млн теңге, 20 адам жұмыспен қамтылады.

Одан өзге, 2024-2025 жылдары Nurum Group ЖШС тарапынан жалпы құны 5 600,0 млн теңгені құрайтын, 2 ірі жоба жүзеге асырылатын болады. Атап айтқанда, сағатына 20 тонна өңдейтін құрама жем зауыты (құны 2 500,0 млн теңге, жұмысшы саны — 12) және тәулігіне 1 500 ірі кара мал өнімдерін және жануарлардың қалдықтарын тереңдеп өңдеу цехының құрылысы (құны 3 100,0 млн теңге, жұмысшы саны — 40) жоспарлануда.

Сонымен қатар бүгінде «Агроөнеркәсіптік индустриалды аймағын құру үшін жер учаскесін (90 гектар) резервте қалдыру туралы» аудан әкімдігінің қаулысы қабылданып, тұжырымдама жобасы (концепция) әзірленуде.

«Алдағы уақытта осы жер учаскесіне инфрақұрылым жүйелерін жүргізу мәселесі өзіңіздің тікелей қолдауыңызбен жүзеге асатын болады», — деген аудан әкімі А. Сәбитов іске асқан жобалар ауданның өндірістік әлеуетін арттыру және кәсіпкерліктің дамуына септігін тигізетін сөзсіз және аудан экономикасының қарқынды дамуына белсенді кәсіпкерлердің үлесі орасан екенін жеткізді.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы



Жемиле ҚЫНАЖЫ,
аудармашы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ — ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН КІТАПТАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА

— Түркияда тұрып, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық қалай пайда болды?

— Университетте қазіргі түркі диалектілері мен әдебиеті бөлімінде оқыдым. Бұл бөлімде түркітілдес халықтардың барлық диалектісімен таныстық. Сол кезде-ақ қазақ тілі мен әдебиетіне, тарихына деген қызығушылығым пайда болды. Осылайша, қазақ тілін үйрендім. Өйткені Қазақстан Түркі әлемінің қорғанында орналасқан. Түркі әлемінің інжу-маржанына айналған түркі мемлекеті. Қазір де өте ықпалды және басқа елдермен тығыз қарым-қатынастағы ел. Сол себепті қазақ тілінің маманы болғым келді. Қазақ тіліне, әдебиетіне, тарихына деген қызығушылығым осылай басталды.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

— Сіз «Қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесі» тақырыбын зерттеумен айналыстыңыз. Жалпы өзіңізге қазақ әдебиетіндегі қай әйел образы жақын? Қандай жаңалық аштыңыз?

— Иә, мен қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін зерттеумен айналысамын. Бір ғана кейіпкерді емес, бірнеше әйел образын зерттеуге үлкен қызығушылық таныттым. Мысал келтіретін болсам, Міржақып Дулатовтың «Балқия», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармалары... Бұлардың барлығы — мен жақсы көретін қазақ әйелдерінің бейнесі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының, әсіресе Алаш зиялылары атанған қаламгерлердің XX ғасырдың басындағы әйелдер турмысына көп көңіл бөлгенін байқадым. Көптеген жазушы поэзия, әңгіме, роман және драма сияқты жанрларда әйелдердің турмысына ерекше назар аударып, әдеби шығармаларын жазды. XX ғасырдың басындағы әйелдердің кейбір қиындықтары бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Жазушылардың XX ғасырдың басындағы әйелдердің өзекті мәселелерін көтеріп, оны өзгертуге тырысып, әдеби шығармаларын көмегімен қазақ халқының бойындағы өзіндік сана-сезімді қалыптастыруға тырысқаны таңғаларлық жағдай.

Мен де жазушылардың осы ерекшеліктерін шығармаларымда көрсетуге тырыстым. Олардың өз уақытында әйелдерді қаншалықты бағалағанын және оларға қамқор болғанын көрсеткім келді. Мұны көптеген мақалама, мәлімдемелерімде және «Қазақ театрындағы әйелдер мәселесі» кітабыма да алға тарттым.

— Қазақ әдебиетін басқа тілдерге аудару үшін ауысша сөйлеу жеткіліксіз екені белгілі. Кәсіби аудармашы болу үшін Қазақстанға келіп оқығаныңыз рас па?

— Иә, 2009-2010 жылдары мен Қазақстанның Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата университетінің арнайы шақыруымен дәріс оқыдым. Онда болған кезімде қазақ тілін өзім жетілдірдім. Қызылордада адамдар таза қазақ тілінде сөйлейді. Орысша сөйлеп немесе басқа тілді араластырмайды. Сол себепті Қызылордада жүрген кезімде қазақ тілін үйрену жеңіл болды.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТİNДЕГІ РЕПРЕССИЯ ТАҚЫРЫБЫ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ

— Қазақтың қай жазушысымен сүйіп оқисыз? Не себепті?

— Мен негізінде қазақ әдебиетінен көптеген авторды оқимын және оларды өте жақсы көремін. Маған Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин сияқты Кеңес дәуірінің жазушылары ұнайды. Осы авторлардың романдары мен повестерін оқығанды ұнатамын. Сондай-ақ «Қазақ әдебиетіндегі имидж және бірегейлік» атты кітабыма әдеби өмірді және осы жазушының барлығының романдарын қарастырдым. Ал қазіргі әдебиеттен Смағұл Елубай, Бексұлтан Нұржекеұлы, Нағашыбек Қапалбекұлы, Нұрдаулет Ақыш, Нұрғали Ораз, Шәрбану Бейсенова, Роза Мұқанова, Мәлік Отарбаев сияқты жазушыларды оқығанды ұнатамын. Маған осы жазушылардан ұнайтыны олар қазақ тілін көркемдік шыңға жеткізді және қазақ болмысын нығайтуға тырысып, ұлтқа әсер ететін шығармалар жазды.

— Осы уақытқа дейін қандай шығармаларды аудардыңыз? Болашақта

Өнер ұлтқа, тілге, дінге бөлінбейді. Ендеше әдебиет те — адамзатқа ортақ құндылық. Бір ұлттың туындысының екіншісіне жаттығы жоқ. Өйткені көркем шығарма көпке ортақ мәселелерді көтеріп, рухани кемелдікке жетелейді. Бүгінде қазақ әдебиеті әлем халықтарының тілдеріне аударылып жатыр. Біз қазақ классиктерін түрікше сөйлетіп жүрген аудармашы, Хаджи Байрам Вели атындағы Анкара университеті Әдебиет факультетінің Заманауи түркі тілдері және әдебиет кафедрасының доценті, доктор Жемиле Қынажымен сұхбаттастық.

қай шығармаларды аударуды көздеп отырсыз?

— Бүгінге дейін Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романын, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» романын, Шәрбану Бейсенованың «Бозоқ аруы», «Бір махаббат баяны» атты романдарын аудардым. Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» пьесасын да тәржімаладым. Ақын Ғалым Жайлыбайдың өлеңдерін аудардым. Ендігі аударғым келетіні — Баққожа Мұқайдың «Өмір зая» романы. Бұл романды аударғым келетіні жазушы кенестік кезеңдегі тарихи академиктің басынан өткен қуғын-сүргін үдерісін баяндайды. Соңғы жылдары мені қазақ әдебиетіндегі репрессия тақырыбы қызықтырып, осы тақырыпта зерттеулер жүргізе бастадым.

— Ал түрік ағайындардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығы қандай?

— Түрік оқырмандары басқа түркі халықтарының әдебиетіне қарағанда қазақ әдебиетін жақсы біледі. Бүгінде қазақ әдебиетінің көптеген шығармасы түрік тіліне аударылған. Түркияда қазақ романдарын, хикаяларын, поэзия кітаптарын табуға болады. Әсіресе, Еуразия жазушылар одағы Бенгу Басылмұразы көптеген қазақ жазушысының шығармаларын жарыққа шығарды. Түркияда Ғабит Мүсірепов, Лиас Есенберлин, Смағұл Елубай, Бексұлтан Нұржекеұлы, Рахымжан Отарбаев, Мархабат Байғұт, Нағашыбек Қапалбекұлы, Бердібек Соқпақбаев, Шәрбану Бейсенова, Роза Мұқанова және тағы басқа қазақ жазушыларының шығармалары жарық көрді. Анкарада жылына екі рет ұйымдастырылатын кітап көрмесіндегі Бенгу Басылмұразының төрмесінде осы авторлардың кітаптары да тұр. Оқырманның көбі қазақ жазушылары мен олардың шығармаларына қызығалды. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтен аударған «Ұлпан», Шәрбану Бейсеновадан аударған «Бозоқ аруы» («Bozok Gizeli»), «Бір махаббат баяны» («Kizil Kirgin'in KadınlarıMarguva») әр кітап көрмесінде ең көп сатылатын кітаптардың қатарында.

ЖАЗУШЫНЫ ТАНЫМАЛ ЕТЕТІН— САПАЛЫ АУДАРМА

— Бір сұхбатыңызда «Аудармашы автордың обалына қалмауы керек» депсіз. Сонда автордың шығармаларының кең таралуына аудармашылардың әлсіздігі себеп пе?

— Әрине, бүгінгі оқырман қауым сапалы емес аударманы қабылдамайды, сүйсініп оқымайды. Дегенмен сапалы жасалған аударма қай тілде болса да оқырманның назарын жақсы аудартады. Бұл тұста, сапалы аударма шығарманың қалың оқырманға жетіп, оқырманның ризашылығына ие болуын қамтамасыз етеді. Жазушыны танымал ететін де сапалы аударма. Сол себепті авторлардың шығармаларын кең ақымда таратуда аударманың атқаратын рөлі зор.

— Қазақ әдебиетінің гүлденген кезеңі деп қай шақты айтар едіңіз?

— Бұл сұраққа жауап беру өте қиын. Мен қазақ әдебиетінің ер кезеңін жақсы көремін. Кеңес Үкіметі кезінде әдебиет қатаң бақылауда болса да, қазақ жазушылары сол уақытта да өте керемет шығармалар тудырды. Әсіресе, Алаш зиялылары жасаған әдебиет айдының жақсы көремін. Яғни, XX ғасырдың басындағы әдебиеттер. Бұл кезеңде Алаш зиялылары әдебиеттің барлық жанрында керемет шығармалар жазып, қазақ әдебиетін жоғары деңгейге көтерді. Олар әдебиетті халықты ояту құралы ретінде көріп, поэзия, повесть, роман, драматургия жанрларында көптеген туынды жазды. Сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі әдебиетті де жақсы көремін. Өйткені қазақ жазушылары кенестік кезеңде жазылмай, айтылмай, жасырынып жатқан шыңдықтарды айта бастады. Қазақ жазушылары қазақтың ұлттық болмысын нығайтуға бағытталған туындыларға қалам тербеді. Олар өз шығармаларында тіл, мәдениет, руханилық сияқты тақырыптарға тоқталды. Шығармаларына бұрын-соңды жазылмаған аштық пен қуғын-сүргін тақырыбын қосты. Сол себепті бүгінгі әдебиет мазмұны жағынан өте бай, құдіретті. Сөгіт жазылған туындылар күн санап жарыққа шығып та жатыр. Қазақ әдебиетінің ер кезеңін жақсы көремін, табысты деп есептеймін десем, дұрыс болар еді.

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

Тағы да Алматыға жол түсті. Кемел Тоқаев жайында халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Сөз сөйлеуім керек. Тағы да шақырту алдым.

Құлбек ЕРГӨБЕК

Жол-жөнекей ойға батып келемін. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция жазушы Кемел Тоқаевқа арналады. Кемел Тоқаев кім? Жазушы. Қандай жазушы? Конференцияда осы сұраққа жауап бергім келді.

Кемел Тоқаев — «буыны бекімей жатып» Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер. Қан майданда балаң шақта қамқор болатын Қасым ағасынан, қаншама қарулас досынан айырылып, жаны жүдеп, жан дүниесі жадау тартып оралған сынық адам еді. Балалық шағының өзі «тұл жетім» болып жетімсіз «ШКИД-тік интернатта» (Л.Пантелев) өткен, көңілі қаяулы бозбаланың балаң арманын соғыс өрті жұтып алып, жойып жібергендей еді. Осындай жадау жанды жауынгердің қан майданнан аман оралып, балалар баспасөзінде алдымен қосшы, сонынан басшы болып қатарға тұрып қаламымен еңбек етуі оның арманын қайта үкілегендей болып шықты. Өзі балалық кезінде бастан кешкен қатал тағдырды, қан майданда «мың өліп, мың тірілген» бастан кешулерді жаны шырқырай ой елегінен қайта өткізуі өз алдына, ол бастан кешулерге баланың көзімен қарап, баланың көркемдік қабылдау ерекшелігіне орай әңгімелеп беру талабы тұрды жас журналист алдында. Ол очерк, жолжазба, қысқа сюжетті дүниелер жаза бастады. Әдебиетке осылай журналистикадан, балалар әдебиетінен келді деуге болады Кемел ағаны.

Балалар әдебиеті — өте кең ұғым. Адамның өмір жолы балалықтан басталатыны секілді, Адамзат үшін дүниетаным балалар әдебиетінен басталады. Бар жанр туындылары әуелде балалар әдебиетінен басталған. Бүгінде ерекшелік айтуға болатын фантастика, детективтік шығармалар да балалар әдебиетінің ішінде қалыптасып, кейін табиғатына орай бөлініп дербес отау болып шыққан жанр үлгілері. Соғыс көріп, жадау тартқан жанын балалар әдебиеті арқылы қайта марқайтып, өмірге, тіршілікке Бакыт көзімен қарай бастаған жас журналист-жазушының ендігі арманы өзі бастан кешкен Үлкен тағдыр сабағын өткір сюжет өріп, қимыл-қозғалысқа салып қызықтыра әңгімелеп беру. Қазақ әдебиетінде ішін-ара төбе көрсетсе де, жеке жанр болып жүргені, дербес арна тарта қоймаған детективтік шығарма жарату жолына жас жазушы осылай келіп түссе керек.

Түрлі саяси мемлекеттік қызмет атқара жүріп, Кемел Тоқаев осы жанрда бірсыпыра шығарма туғызды. «Замандастар сыры» аталатын топтамасы «Журналисттің қойын дәптерінен» деген қосымша атаумен берілген еді кезінде. «Жазушының қойын дәптерінен» оқырманды ойға салады. Демек, жауынгер Кемел Тоқаев толарсағынан қан кешіп жүріп те «қойын дәптер» ұстаған деген сөз. Демек, Шымкентте интернатта жазушы (мүмкін журналист) болсам деген балаң үкілі арманын ол аспаннан оқ жауған отты күндерде де есінен шығармағаны. «Жолда», «Алғашқы кездесу», «Қасиетті қала», «Жұмбақ қыз», «Ала киімді адамдар», «Алғашқы адым», «Біздің жетекшіміз», «Арнаулы тапсырма», «Кек алушылар», «Қар үстіндегі қан», «Ирина» операциясы», «Жағадағы жалау», «Партизандар соқпағымен» — соғыс күндері күнделіктерінен туған очерктер. Кейбірін сұрапыл соғыс жылдары қойын дәптеріне түсірген деректер бойынша жазса, кейбірін өзі жүріп өткен Ресей жері, Украин жұртына сұрапыл ізімен қайта барып, қайыра жүріп өтіп, көзкөргендермен қайта табысып, көздеріне жас ала отырып сырласып барып жазған очерктері. Очерк десе көркем дүние еместей мұрын шүйіріп қарайтын әдет таптық бүгінде. Орыс әдебиетінің «алтын ғасырын» жасаған XIX ғасырдан небір өлмес, өшпес көркем шығармалардың бүгінге шалдыкпай жетуін мәртебе санайтын біз сол асыл көркем шығармалармен бірге Энгелгардтың көркем очерктері, В.Белинскийдің орыс әдебиеті жайындағы поэзияға бергісіз сын макалаларының да дін аман жеткенін ескермейміз. Орыс әдебиетіндегі «деревенская проза» колхоз председатели Овечкиннің өмірлері очерктерінен бастау алғанын да ұмытып кете береміз. Осындай ой ағынымен қарағанда Кемел Тоқаевтың көбіне майдан шындығын шымырлатып сырғып шертіп, кейіпкерінің әрбірін тағдыр тұтып талдап беретін сырлы очерктерін сындарлы ғұмырлы дүниелер қатарына қосамын. Адами құндылықтарға суарылған, адамгершілік мұраттар жырланатын ол очерктер жазушының өзге деректі көркем детективтік шығармаларынан бір елі де кем соқпасына мен кәміл.



Жанрдың ТАПҚАН ЖАЗУШЫ



«Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға» — тың жанрда туған шынайы, қызықты детективтік шығармалар. Жанры — хикаяттар. «Солдат соғысқа кетті» — автобиографиялық шығарма секілді басталып, бір тараудан соң қасиретті қан майданның шынайы көркем шежіресіне айналады. «Солдат күнделігінен». Бір тарауы осылай аталады. Бұл әрі форма. Әрі деректі хроника талабы. Бірінші бөлімде еске алу арқылы Мұхамед бір Әулеттен қалған жалғыз тұяқ екенін айтады. Жалғыз тұяқпын деп жан сақтап бұғып калмай, неміс фашизмінің кек алу мақсатында майданға аттанады. Соғыс хроникасы. Адамдар тағдыры. Көркем ойлы көсем әдебиет сыншысы Шерияздан Елеуқенов жазушының бұл шығармасын Виктор Некрасовтың «Сталинград окоптарында» романымен үндестіреді. «Окоптан жазылған репортаждай оқылады» дейді. Виктор Некрасов кім? «Әдебиет және искусство» журналының 50-жылдардағы нөмірлерін парактасаньз, Виктор Некрасовтың «Сталинград окоптарында» аталатын репортаж-романын Тахауи Ақтановтың аудармасында кездестіресіз. Виктор Некрасов шығармасында қарапайым репортаждық стильде жазып-ақ біз «Ұлы Отан соғысы» деп әлдеқандай қылағын соғыстың қанды қырғай әділетсіз соғыс екенін қатал реализммен ой, әшкерелейтін, ой, әшкерелейтін. Мәскеу «бөжек» көрді шығарманы. Жазушы құдалауға түсті. Қазақша кітап болып шыққалы тұрған аударма қалт тоқтады. Бұл күнде Тахауи активіне кірмейді ол аударма... Шерияздан аға Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романын Виктор Некрасовтың романымен өте орынды салыстырады.

Будан жанрда туған бұл шығарманың жан жүрегі — Адамгершілік деп соғалы! Қоғамның басты байлығы — Адамның соғыста қалай қор болғанын, қандай қасирет шеккенін шынайы жеткізеді жазушы. Қазақ кейіпкері Мұхамед елінің, жұртының жомарт бейілін бойына көшіріп алған. Қан майданда жүріп те адамгершілік ұғымын бойтұмардай тағынып алып, өзі өзегі талып аш жүріп те айналасына бір үзім нанын үзіп беріп, қамқорлық жасаудан танбайды. Пауль, Света эпизодтары, туған күн жайында философия — Мұхамедті қызықты көркем образ биігіне көтереді. Соғыс қасиреті болып шынғырып сөйлейтін шығарма Жер бетіндегі Адамзатқа «Енді соғыс болмасын!» деп бірауыздан үн қатады. Шерлі шежіре ғана емес, адамзаттық гуманистік талап! Шығарманы күшті ететін осындай адамгершілікке суарылған гуманистік ой!

Субелі шығармасы — «Соңғы сокқы». «Соңғы сокқыны» тарихи роман деуге де, деректі детективтік роман деуге де толық негіз бар. «Соңғы сокқы» Кемел Тоқаевтың соңғы романы деуге болады. Шығарма тақырыбы — Жетісу өңірінің ревкомының Ақ гвардияшыларға қарсы

күресі жайында. Берісі Аненков, әрісі Дутов армиясына қарсы күресті Жетісу губерниясы бойынша басқарушы Ораз Жандосов, Шагабудинов. Ал Жаркент өңірінде осы бір ірі операцияны жүзеге асырушы — жергілікті милиция басшысы Қасым Чанышев.

өлтүрумен аяқталатын шығарма, міне, осындай шынайылығымен әлі де өз оқырманын табады, әлі де өмір сүреді дегім келіп отыр. «Бүкіл Шығыс Түркістан өңіріне белгілі Құлжадағы жылқы заводының иесі атақты миллионер Фатих Алдаярдың зайыбы

“

Шығармаларында шынайы өмір бар. Шынайы өмір шындығы көркем шығармада шеберлігі келісіп жатса, шынайы өнер деген сөз!

Аталмыш шығарманы кезінде Жүсіпбек Арыстановтың «Сұңқар да жерді мекендейді» аталатын деректі шығармасымен, алтай жазушысы Шот Енчиновтың «Ақ гвардияшылар» аталатын шығармаларымен салыстырып оқып шыққаным бар. Жазушы Жүсіпбек Арыстанов шығармасы негізінен Ораз Жандосов өмірін, Жетісу өңірінде Кеңес үкіметін орнықтыру жолында қазаққа жасаған жақсылығын тәптіштей суреттейді. Тарихи тамыры туыс алтай жазушысы Шот Енчинов өз шығармасында қазақ жеріне басып кірген атаман Аненков отрядының жайын көбірек қытайтейді. Өйткені Атаман Аненков отрядында Алтай нәсілді бір азамат қатысқан екен. Ал Кемел Тоқаев «Соңғы сокқы» аталатын романында негізінен, Жаркент өңірінің милиция басшысы Қасымхан Чанышев образы арқылы келеді. Алғашқы екеуі кешегі кеңес әдебиетінің әңгімелеу, баяндау үрдісінде жазылған. Ал Кемел Тоқаевтың «Соңғы сокқы» романы тарихи дерек, ревком ақпараттарына құрылған, мәселеге милиция басшысының жанқиярлық ерлігі, операцияны жүзеге асыруға тапқырлығы арқылы келетін, солай шешетін, ширақ сюжетті, кең тынысты, ішкі иірімдері бай тарихи деректі детективтік мінездегі кең полотно дер едім.

Тарихи шығарма кешегі күндері қазақ әдебиетінде көп жазылды. Тәуелсіздіктен кейін тіпті тақырыпты тоқтата алмай қалды. Тарихи романға айналмаған тарихи тұлға қалмады бүгінде. Оған да қарсы болмас едік. Тек тарихи тақырыпқа деген қызығушылық, жазушылық құлшыныстан тарихтан әдебиет жасау орнына, әдебиетті тарихқа айналдырып жіберуге шақ қалды.

Осындай жағдайда бұрын жаратылған, бұрын жазылған тарихи шығармалардың біразы, тіпті дені сыр беріп қалды. Советтік кезеңде жаратылған тарихи шығармалар бүгінгі талапқа

Жазушыны қаламымен қамтыған тақырыбына қарап бағалауға болады да, болмайды да. Болатыны — жазушылық дарын қандай тақырыпты нұсқалауынан-ақ байқалады. Болмайтыны — жазушы «Шығарманың тақырыбын Әзірет Әлі қойсаң да, көркем болмаса — еңбек еш» (Ф.Мүсірепов).

Жазушы Кемел Тоқаевты әдебиеттегі тақырыбына қарай жинақтап көрейік.

Ол Ұлы Отан соғысы тақырыбымен кірді әдебиетке. Тақырыптың әлемдік деңгейдегі шебері Ю.Бондаревтің айтқаны бар: «Егер соғыс болмағанда Мен миниатюралық жанр жазушысы болар едім» деп. Кемел аға егер соғыс болмағанда, балалар жазушысы болып еңбек ететін еді. Л.Пантелев секілді үздік балалар жазушысы болып жасайтын еді. Бәрібір жазушылық жолды тандайтын еді. И.Эренбург, К.Симонов, Ю. Бондарев, В.Быков, Ә.Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин — соғыс тақырыбын көзімен көріп, түгін иісін иіскеп, тақырыпты игеріп жазған жазушылар. Тақырыбы игерілмей жазылған Ф.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан бастап бірсыпыра шығарма өліп қалды бүгінде. К.Тоқаевтың бұл орайдағы шығармалары әл-әзір өле қойған жоқ. Рухани өлім сағаты Кемел ағаның шығармаларына әзір соға қоймаса керек.

Кемел Тоқаев — ДЕТЕКТИВ аталатын бір жанрдың бас иесі. Тұтас әдебиетті айтпай-ақ бір детектив жанрын алсақ та Кемел ағаның қазақ әдебиетіне аз еңбек жасамағанына көз жеткіземіз. Кемел Тоқаев детективтік жанрдың қазақ әдебиетіндегі жалғыз классигі. Кемел ағаға дейін бұл жанр қозғаусыз жатыр еді десек, өтірік болады. Онда Кемел Тоқаевты жанрда жалғыз шапқан жүйрік етеміз... Ол — ұят. Болды. Болды қазақ әдебиетінде детективтік шығарма жаратушылар. Жұмабек Еділбаев, Қалмұқан Исабаев, Нығмет Төлендиев, Әлібек Файзулла... бірсыпыра олар. Бірақ олар детективтік әдебиетті жеріне жеткізе алмады.

Жазушылар одағында «Детективтік әдебиет консультанттығын» өз аяғымен жүгіріп жүріп ашқан, саланың жазушыларының жылы ұясына айналдырған адам — Кемел Тоқаев!

Жазушылар одағы мен Ішкі істер министрлігін ынтымақтастырып детективтік шығармаларға бәйге жариялатқан адам — Кемел Тоқаев!

Қазақ детективтік шығармаларға жариялаған бәйгені атқан жебесін ондыққа тигізіп, талай ілген жалғыз қара — Кемел Тоқаев!

Бүкілодақтық осындай екі саланың басын біріктіріп жарияланған конкурстан бас бәйгені алған да қазақ жазушыларынан шыққан жалғыз дараныз — Кемел Тоқаев!

Детективтік әдебиет. Кезінде әлемдік детектив «Детективтік жанр классиктері» атауымен өз алдына бір серия болып жарық көрген.

Кезінде орыстың «Детективтік жанр классиктері» атауымен тағы бір кітапхана жасалған.

Кезінде КСРО Ішкі істер министрлігі милиция өмірінен жазылған шығармалар сериясын да қалыптастырған.

Кезінде қазақ әдебиеті өкілдері «Детективтік шығармалар классикасын» серия етіп жасайтын алған жоқ. Бүкілодақтық бәйгімен аты келген жалғыз қаламгеріміз — Кемел Тоқаев!

Детективтік шығармаларды өнер тұтып, талғам таразысына тартып өлшенген екі-үш жазушыны өлшем тұтуға болар. Бірі — атағы жер жарған Конон Дойл, екіншісі аргы ата-тегі ресейлік Жорж Сименон. Үшіншісі — детективке психологиядмді әкелген Агата Кристи. Үшеуі детективтік әдебиетке қарапайым баяндаудан тартып, психологиялық ішкі иірімге дейін үш түрлі мәнгер әкелген жазушылар. Кемел Тоқаев, орыс әдебиетіндегі әріптесі Юлиан Семенов екеуін бір қосып айтқанда, Жорж Сименон мектебінің шәкірттері.

Оның шығармаларын тосын оқиға, өткір сюжет, алдымен сыртқы тартыс, сосын ішкі тартыс (жан арпалысы) ерекшелік тұрады.

Шығармаларында шынайы өмір бар. Шынайы өмір шындығы көркем шығармада шеберлігі келісіп жатса, шынайы өнер деген сөз!

Кейіпкерлері — үлкен тағдыр иесі болып келеді. Өмірдегі үлкен тағдыр дегеніміз — өнердегі байтақ мазмұн.

Жалған революцияның жалған революционерлері жок оның шығармаларында. Оның шығармаларында «өтпелі отыз жылда» ел-жұртты ұмытып, өз жемсауын толтырумен жеқсұрын болған полиция да жоқ. Оның шығармаларында революция жөнісі де, қоғамның кері кеткен кесепаты да «советтік милиция» арқылы көрсетілді. «Моя милиция Меня берет» (В.Маяковский) деп жырлайтын милиция да «ет пен сүйектен жаралған» (С.Мұқанов) адам. Оның да кесірі, кезірі бар, оның да асыл қасетті кісісі мен жалған кісілікті кісімегі аралас. Соның бәрін мидай араластырып, шынайы жырлай білген, сол арқылы қоғамның мол шындығын бере білген Кемел Тоқаев — детективтік әдебиеттің классигі! Ол — жанрын тапқан жазушы!

Нұрсұлтан Жаңабай – әлемге әйгілі америкалық NASA ұйымының зерттеу жұмысына қатысып жатқан қазақ баласы. Ол Америкадағы Дрексель университетінің екінші курсына оқиды. Жазғы демалыс уақытын басқалар сияқты қыдыруға емес, толықтай зерттеу жұмысына арнаған жас ғалыммен Қазақстанға келген қысқамерзімдік демалысы кезінде кездесіп, шағын сұхбат алудың сәті түсті.

– Нұрсұлтан, көпшілігіміз кинодан ғана көретін NASA ұйымы қандай екен? Ол ұйымның зерттеу жобаларына қалай қатысып жүрсіз?

– Америка университетіндегі сабақтарыма бірден қызығушылықпен кірісіп кеттім десем өтірік болар. Себебі университеттің бірінші курсына оқытып жатқан сабақтарды өзім білім алған Атыраудағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-12 сыныбында оқыған болатынымын. Бірақ 100 пайыз белсенді болмасам да, сабақтан қалмай қатысып жүрдім. Күзгі семестрден кейін бізде қысқы оқулар басталады. Сол кезде «Мен не істеп жүрмін? Осылай сабаққа текке келіп-кетіп жүремін бе?» деп өзіме сұрақ қойдым. Сөйтіп, Гуглды ашып, кампустағы зерттеу жұмыстары туралы ақпараттарды іздей бастадым. Үлкен тізімге тап болдым. Сол тізімнің ішінде өзім оқып жатқан химиялық инженерия бағытына сәйкес келетін бір ғана зерттеу жұмысы болды. Тақырыптың астындағы түсіндірме аннотацияны оқып жатпастан, бірден таңдауымды жасадым.

Қазір өзім білім алып жүрген Дрексель университеті Филадельфия қаласындағы жоғарғы мектептің бірімен арада бірлескен жоба атқарып жатыр. Сол жобаның аясында екі оқу орны бірлесіп, түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырмыз.

Мен өтімнің бергеннен кейін, арада бір ай өткен соң сол жоба аясында университетте жиын өтті. Онда химия профессоры мен таңдаған зерттеу жұмысының НАСА-ның зерттеу тақырыбы екенін айтты. Мен қатты таңырқап, қуанып қалдым. Себебі зерттеу жұмысын таңдаған уақытта ондағы түсіндірме аннотацияны оқымаған болатынымын. Осылайша, менде зерттеу жұмысын жасауға деген ерекше құлшыныс пайда болды.

– Сонда зерттеу жұмысыңыз не туралы?
– Ғылыми жұмысымыз күн тұтылуы кезінде жер қабатын қорғап тұрған озон



Нұрсұлтан ЖАҢАБАЙ:

NASA

ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕР

алаңсы

концентрациясының қандай күйге түсетінін анықтауға негізделген. Күн тұтылған кезде біздің зерттеушілер тобы ғарышқа шар ұшырамыз. Яғни, жоғары атмосфераға арналған шарды гелиймен толтырып, арнайы датчиктер орнатып, ғарышқа жібереміз. Жердің сыртқы қабатын қоршап тұрған озон қабаты бар екенін бәріміз білеміз. Міне, күн ысыған кезде озон концентрациясы әдетте жоғары болады. Күн суығанда ол концентрация төмендейді. Бұл – калыпты процесс. Біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – күн мен түннің тұтылуы кезінде озон концентрациясының қандай күйге түсетінін анықтау. Бұл біз үшін жаңа бағыт. Күн мен түннің тұтылуы әрі кетсе, 4-7 минут уақытқа ғана созылады. Біздің зерттеу жұмысымыздан нәтиже шығаруымызға осындай ғана уақытымыз бар. Егер осы уақыт ішінде шарымыз ұшпай қалса, траекториядан сәл қисық кетсе немесе жарылып қалса, біздің

жұмысымыз нөлге кетеді. Сондықтан нақты күн тұтылуы кезінде атқаратын миссиямыздың алдында бірнеше кезеңнен тұратын сынақтар бар.

– Өте қызықты тақырып. Десе де, зерттеу жұмысы кезіндегі сіздің міндетіңіз қандай?

– Өзім химия инженері болғаныммен, резюмемде компьютерлік бағдарламалау тілін білетінімді жазған болатынымын. Сол себепті маған зерттеу барысындағы барлық мәліметтерді CD картаға жазуға тапсырма берілді. Ол арнайы код арқылы жасалады. Осы күнге дейін біз шарды ғарышқа екі рет

ұшырдық. 14 қараша күні Техас штатына барамыз. Ол жерде зерттеу жұмысының бірінші миссиясын орындаймыз. Ал сәуірдің 8-і күннің тұтылу процесін толық зерттейтін боламыз. Мен зерттеу тобының ұшыру командасында боламын. Екінші команда шардың қозғалу траекториясын бақылайды. Үшінші команда шардың түскен жерін бақылайды.

– Өзіңіз қазір шетте жүрсіз. Жалпы, бұрын Қазақстаннан шықпаған балаға жат елге бейімделу қиын болмады ма?

– Менің Америка еліне алғашқы қадамым 2022 жылы 13 қыркүйекте басталды. Өзге адамдар, өзге мәдениет, өзге орта болғаныммен, тілді жетік білгенімнің пайдасы болды. Бейімделу маған аса қиын болмады. Ерекше атап өтерлігі, ол жақта сыйластық бірінші орында тұрады. «Сіз маған тиіспесеніз, мен сізге тиіспеймін» деген ұғым бар. Америкада көшеде кездескен кез келген адаммен еркін сөйлесіп кете аласыз. Бір тақырыпты бастап кетсеңіз, ол кісімен бірге түстік ас ішіп те отыруыңыз мүмкін. Бастапқыда осындай жағдайларға таңданысым болғаным рас.

Бір қызығы, біздің университетте арнайы бір апта бар. Сол аптада студенттер сабақ оқымайды, ол уақытты бір-бірімен танысуға арнайды. Кампуста түрлі интеллектуалдық, спорттық ойындар ойнайды. Сол кезде бір-бірін бұрын мүлде көрмеген екі американдық танысып, достасып кеткеніне куә болғаным бар. Қазір мен де

ТМД елдері оқушыларының артықшылығы да осында дер едім.

Енді қараңыз, егер мен америкалық болсам, математиканы оқығым келмеуі мүмкін. Сөйтсем де, физика мен химияны таңдаймын. Бірақ университетке келгенде бәрібір математиканы оқуыма тура келеді. Жанымдағы студенттердің осындай сабақтардан біраз қиналғандарын көрдім. Тіпті, кейде оларға ментор болып, математика бағытында көмек көрсеткен кездерім де болды. Сондықтан «керек емес» деген пән болмайтынын түсіндім.

– Шет мемлекетте тәжірибе жинақтап жүрген маман ретінде айтыңызшы, қазақстандық білім жүйесін әлі де дамыту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Білім саласына қолы ашық инвесторларды көбірек тарту керек. Америкада ғылыми жобалар ең үлкен құндылық саналады. Инвесторлар өзінің болашағы бар екенін дәлелдеген жоба үшін қаржыны аямайды. Сондықтан Назарбаев зияткерлік мектебі, Білім және инновация лицейімен ғана шектелмей, қарапайым мектептерге, ауыл мектептеріне инвесторлар көбірек тартылатын болса, ғылыми жоба жасайтын өнертапқыш оқушыларымызды дамытуға болады.

Сонымен бірге білікті мамандар саны артуы керек. Мұғалімдер жетіспеушілігі мәселесін шешуіміз қажет. Баланы мектеп жасынан өзінің қызығушылығына қарай дамытуға да көңіл бөлгеніміз дұрыс.

– Алдағы мақсаттарыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Алдағы мақсатым – химиялық инженерия бағытында жақсы маман болу. Қазірдің өзінде әлемде химиялық инженерия мамандығында оқып жатқан жастар аз. Сондықтан бұл салада мейлі ғылыми орта болсын, мейлі еңбек нарығы болсын, бәсекелестік күшті. Сондықтан көптеген тәжірибелерден өткім келеді. Оқуымды бітіргеннен кейін, менде кемінде үш жыл Америкада тұрып, зерттеу институттарында жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Елге шетелдік дипломмен ғана емес, үлкен білім, тәжірибемен келгім келеді. Алға қарай, қазақстандық жастарды АҚШ-тың мықты ғалымдары, инвесторларымен жалғайтын көпір болсам деймін. Себебі қазақстандық жастардың ғылым саласында әлеуеті жоғары.

– Өзіңіз сияқты өсіп келе жатқан жастарға не айтасыз?

– Адам неше жаста болса да, оған мүмкіндіктері беріледі. Адам сол мүмкіндіктерді жіберіп алмауы керек. Адам өзін жеке тұлға ретінде дамытуға көп көңіл бөлуі қажет. Өйткені, жеке тұлға ретіндегі құндылығымыз ғана бізді алған білім, жинақтаған тәжірибемізбен даралап тұрады.

– Өңіміңізге рақмет!
Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН ТӘРБИЕШІ



Ұрпақ тәрбиесі – отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбиеде беріледі. Ал мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор екені белгілі.

Назгүл НАЗАРБЕК

Отбасындағы ата-ананың ықыласы мен мейірімділігінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешінің шұғылалы шұағына бөленеді. Міне, осындай іргелі қарашаның бірі – Шымкент қаласының «Тұлпар» шағын ауданында орналасқан МКҚК №56 «Тұлпар» бөбекжай-бақшасы. Ал осынау балабақшада талай бөбектің өсіп жетілуіне, үлкен өмірге қадам басуына үлес қосып жүрген қарапайым тәрбиешілер көп.

БАЛА – ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ, КЕЛЕШЕ-ГІМІЗДІҢ КЕЛБЕТІ

Әрбір үйдің еркесінің қас-қабағына қарап, ас-ауқатын аузына тосып, жаялығын ауыстырып, жағдайын жасайтын, олармен балаша сөйлесетін, солардың тілімен өмірге қаламды үйрететін ол – тәрбиеші. Ал осынау маман иесі көп жағдайда ескерусіз де

қалып жатады. Біз ұстаздар күні қарсаңында осынау қызмет иесі туралы айтқанды жөн көрдік.

«Тұлпар» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Сандуғаш Нұрмованың бала тәрбиесімен айналысып келе жатқанына тұп-тура 30 жыл болыпты. Онжылдықты тәмамдай салысымен «Тәрбиешілер» даярлайтын курстан білім алып, алғашқы еңбек жолын 1993 жылы №9 «Ақ қанат» санаториялық бөбекжай бақшасынан бастаған. Содан бергі кезеңде ширек ғасырдан аса уақыт бала жанының кілтін тауып келе жатқан тәрбиеші бүгінде тәжірибелі маман, ұжымында сыйлы, әрбір іс-шараның бел ортасында жүретін белсенді жан. Жұмыс істей жүріп «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алған Сандуғаш Қалиқызы «Тұлпар» бөбекжай-бақшасына 2015 жылы ауысып келген. Жұмысын жауапкершілікпен атқаратын ол мамандығы мақтан тұтатынын айтады. «Біздің өміріміздің мәні де, сөні де, салтанаты мен махаббаты, мәртебесі де бала. Бала – біздің болашағымыз. Еліміздің ертеңі, келешегіміздің келбеті. Ол – әр шаңырақтың шаттығы, қуанышы, баға жетпес бақыты. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, алдындағы баламен үздіксіз жұмыс істеп, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, ертен енебегінің нәтижесін көруде бір-бақыт», – деп атап өтті Сандуғаш Нұрмова балаларға деген ерекше лебізін елжірей жеткізіп.

Балабақша табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршінді өркеніетті еліміздің тұтқасын ұстайтын ертеңгі ел азаматтары деп білеміз. Әр баланың бойынан оның қандай іске қабілетті, қандай өнерге бейімді екенін,

ікемділігін байқау балабақша тәрбиешілерінің ізденісіне, байқампаздығына байланысты. Бұл сөзімізді балабақша тәрбиешісінің іс-әрекеттері мен сөзі дәлелдей түсті.

БАЛА ЖҮРЕГІ – КІШКЕНТАЙ КҮЙ САНДЫҚ

Сонымен бірге ол өз мамандығын сүйген, бала өміріне үлкен жауапкершілікпен қарайтын әріптестері К.Тлесбаева, М.Шүленбаева және К.Ералиеваны басқа да үнемі ізденіс үстінде жүретін, өз ойларын бөлісіп отыратын ұжымдастарын мақтанышпен еске алды. Осындай ауызбіршіліктің нәтижесінде керемет жұмыстардың нәтижесі бар. «Осындай тамаша ортада еңбек етіп жүргеніме қуанамын. Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кез сол кілт жүруі керек», – деді тағы да Сандуғаш Қалиқызы.

Отбасында 2 ұл мен 1 қыз тәрбиелеп отырған ардақты ана – үлгілі отбасының отанасы. Үлкен ұлы Досбол болашақ медицина қызметкері болса, қызы Гүлсая – Ә.Кастеев колледжінің суретші мамандығының студенті, кенжесі Еркебұлан – 5 сынып оқушысы.

Ана ретінде балаларының байқауларға қатысып, әр жетістіктерін көріп қуанып, қолдап отырған ана оларға дәріс беріп жүрген ұстаздар қауымына да алғысын білдірді. «Ұстаз қандай болу керек?» деген сауалға өзімің тәжірибиеме сүйене отырып, ұстаз білімді, бала жанын түсіне алатын және үздіксіз ізденіс үстінде бола алатын жан болуы тиіс дер едім», – дейді ол.

Сандуғаш Қалиқызы осынау ширек ғасырдан аса еңбек еткен жылдарында балабақшаға қосқан үлесі үшін «Ұлағатты ұстаз» төбелгісімен екі рет марапатталып, БЖҒМ және қалалық білім бөлімінің алғысхаттарымен марапатталған. Атқарған еңбегі үшін Шымкент қалалық кәсіподақ комитетінің «Мадақтамасымен», «Үркер» халықаралық орталық дипломымен марапатталған. Сондай-ақ өзінің тәжірибесімен бөлісу мақсатында «Мектепке дейінгі мекемеде қазіргі білім мен тәрбие берудің жанама әдіс-тәсілдері» сынды әдістемелік жинақтар шығарған.

Дарынды ұл, дара азамат, талантты қорғаның бастауы да балабақша екені сөзсіз. Сол тұлғалардың дұрыс қанаттануы мен биікке өрлеуі балабақша қызметкерлеріне тікелей байланысты. Ұлы ақынымыз М.Жұмабаев «Мен дәрігерден гөрі тәрбиешілердің көп болғанын қалаймын, себебі дәрігердененді сауықтырса, тәрбиеші оне бойынды сауықтырады» деген. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие саласы қызметкерлерінің барша тәрбиешілердің еңбегі ерен екені даусыз.

Шымкент қаласы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде Университетімізге қарасты «Самал» жануалық жатақханасының 1-подъезд №203, №303, 3-подъезд №102, № 203 пәтерлеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрауымыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Құрылыс мердігерінің зан талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Түрлі мердігері ҚҚС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органдан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: К.А.Ясауи атындағы ХКТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 10.10.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

Бес дәннен – мың асқабақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында еңбек адамына құрмет көрсетуге ерекше екіп бергені белгілі. Осы орайда «AMANAT» партиясы да «Еңбек адамы» жобасын жандандырып, бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқаруда. Атап айтсақ, оларды кейінгі ұрпаққа насихаттап, жастарды адал еңбекке шақырып, көпке үгі етуде. Міне, сондай үгі тұтар азаматтың бірі – Жамбыл облысы Меркі ауданының тұрғыны Азамат Комолов. Ол озық технологиялар мен шетелдік тұқымдарды пайдалану арқылы бір дәннен еселеп өнім алуда.



Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, Азамат – Өзбекстан мемлекетінен қоныс аударған қандасымыз. Сырт елде үйренген тәжірибесін Меркі жерінде жандандырып, шаруасын шалқытып отыр. Үйінің астында 200 тоннадан астам көкөніс сақтауға арналған қоймасы бар. Оған «Газель» сияқты жүк көліктері еркін кіріп, шыға алады. Жаз бойы өсірген өнімін жары Рахима Сейдалиева екеуі орталық базарда саудалап, артылғанын қоймада сақтап, қыс айларында тұрғындарға өткізеді. Биыл Азамат тіпті бес дәннен 1 000 дана асқабақ алып, талайды таңғалдыруда.

– Биыл Үнді елінен әкелінген асқабақ тұқымын ектім. «Индийский» деп аталатын тұқым тез жерсініп, 5 дәннен 1000 асқабақ өніп шықты. Бұл асқабақтың салмағы 1,5-3 келі ғана болады. Алайда дәмді әрі денсаулыққа ерекше пайдалы. Мендегі бақша өнімдерінің бәрі тамшылатып суғарылады. Қазір бірінші және екінші сортқа жататын 634 асқабақ өніп тұр. Ал жалпы түйіні мыннан асады. Әлі гүлдеп, түйін салып жатқандары бар, – дейді Азамат.

Шынында, бес дәннен мұндай көлемде өнім алу таңғалдырады. Сондықтан біз Азаматтан асқабақты егу тәсілін сұрадық.

– Ең әуелі тереңдігі 40-50 сантиметр, диаметрі бір метрге жетерлік шұңқыр қаздым. Оған сиырдың жапасын салып, сосын үстіне табиғи тығайтқыштар төседім. Одан соң құнарлы кара топырақ жауып, тамшылатып суғардым. Нәтижесінде, ескен асқабақ 20-30 метрден аса жерге қанат жайып, тіпті көршілердің қоршауынан асып кетті. Осы тәсілмен асқабақ ескен жерге жүгері дәннен де сеуіп, алдыңғы жылы мол өнім алған болатынымын, – дейді Азамат Комолов.

Еңбек адамына қолқанат болып жүрген жары Рахима мен Умида, Мехрибон, Камилла сияқты ұл-қыздары да бақша өнімдерін егудің тәсілін жетік меңгерген. Таңның атысы, күннің батысы әкесінің қасында жүрген жақындары АҚШ-тан әкелінген «Альбион» сортты құлпынайды да жерсіндіріп, одан мол пайда көруде. Азамат тіпті жуырда Америка құрлығынан «Супер Альбион» атты құлпынайдың 100 көшетін

сатып әкеліп, енді оның тұқымын Меркі жерінде көбейтпекші. Осылайша, еңбек адамы асылтұқымды өнім өндіру тәсілін жерлестерімен бөліспек.

Тағы бір айта кетерлігі, Азамат америкалық «Грайфер» атты жүгері сортын да Жамбыл жеріне жеткізіп, табыс табуда.

– Биыл бес қатар, бес жүйек жүгері егіп, оның дүмбілін сатып, 600 мың тенге пайдаға кенелдім. Аталған жүгері тұқымы төрт стандартты соталаң салды. Стандартты дегенім – бәрінің үлкендігі бірдей, көрер көзге көрікті, дәмі тіл үйіреді. «Грайфер» тұқымының ерекшелігі – дәрленген, минералдық тынайтықышы бойында бар, құрт-құмырсаққа дес бермейді. Оған қоса, суды



көп қажет етпейді. Тамшылатып суару әдісімен-ақ мол өнім береді. Күн суытқанда жүгері көшетін қоймада өсіріп, көктем шыға далаға шығаруға да болады. Жалпы, жүгері тұқымы 24 күнде өніп шығады. Бір түп жүгері 4 дүмбілден салды дегенде, 600 түп өскінді 1000 тенгеден саудалағанның өзінде қыруар пайдаға кенелтеді, – дейді Азамат.

Еңбек адамының өнім егудегі тағы бір тәсілі – бір гектарға дақылды бірден толық екпейді. Сатылап кезектестіріп, дәнді отырғызады. Сатылап дегеніміз – бір гектарды онға бөліп, арасына 10-20 күн салып өнімді егеді. Дақыл біртіндеп жетіліп, кезек-кезегімен пісіп сатуға дайын тұрады. Бұл тәсіл мал шаруашылығында «Зеленый

конвейер» деп аталады. Яғни, көк шөптің бір бөлігін пайдаланғанда келесісі пісіп, жетіліп тұрады. Мерзімі өтіп кетпейді. Бүлінбейді.

Азамат балаларымен өнім өндірісе, жары Рахима оның саудасына жауапты. Тұрақты тұтынушылары онлайн тапсырыс беріп те өнімдерін тұтынуда. Осылайша, озық технология мен асылтұқымды пайдаланған отбасы табыстың тайказанын тасытып отыр.

Азамат өз кәсібін ұршықша иіріп отырғанымен жергілікті билік өкілдеріне айтар базынасы бар. Ол өнім көлемін еселеп өсіруге жер жетпей жатқанын айтады.

– Егер маған ең болмаса бес гектар жер берсе, өнім көлемін тағы арттырамын. Оған қоса, өз білгенімді өзгелерге үйретіп, қолымнан келгенше жәрдем көрсетемін.

Жерім жеткілікті болса, Өзбекстан елінде өсетін «Павлония» деген ағаштың көшетін әкелу жоспарымда бар. Павлония ағашы бір жылда 8 метрге дейін өседі. Ол сегіз жылда отыз метр биіктікке жетеді. Түбінің диаметрі 80 сантиметрден асады. Одан керемет су тарпайтын, темірден де берік құрылыс материалдарын алуға болады. Қарапайым тіс шұқығышы Павлония сияқты су тарпайтын берік ағаштан жасалады. Оны қайнаған су да жібете алмайды. Павлониядан өсік, терезе, жиһаз, тіпті қайық пен кеме де жасауға болады. Сондай-ақ роаяль, пианино, скрипка, виолончель сияқты көптеген аспаптарды жасауда осы Павлония ағашы пайдаланылады. Бір сөзбен айтсақ, бұл ағашты Жамбыл жерінде өсіретін болсақ, оның пайдасы көл-көсір болады, – дейді Азамат.



Негізі, Азаматтай кәсіпкерлер бір жағынан ақылды болса, екінші жағынан қияли фанат та болады. Олай дейтініміз, кейіпкеріміз малдың қиынан «Биотомус» тынайтықышын жасауды қолға алған. Сонымен қатар Калифорния шылаушының өсіріп, қара жерді тынайтуға пайдалануда. Ал артылған шылаушының келісін 80 тенгеден сатып, бұл тұстан да пайда табуда.

«Құлдай еңбек еткен, патшадай өмір сүреді» дейді Жүсіп Баласағұн. Сондықтан Азамат Комоловтай бесаспап азаматтарды қолдап, кейінгілерге үлгі ету керек. Одан кәсіпкерлер де, қоғам да ұтылмасы анық. Ал біз өз тарапымыздан өсік алдындағы алақандай жерден мол табыс тауып отырған Азаматтың еңбегі жана берсін деп тілейміз.

Жамбыл облысы

Азия күнделігі

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: ТӨРТ АЛТЫН ТҮГЕЛ

Ханжжоуда өтіп жатқан жазғы Азия ойындарының соңғы аптасы басталды. Кеше Қазақстан қоржынына 37-ші медаль түсті. Оның 4-еуі – алтын, 7-еуі – күміс, қалған 26-сы – қола алқа.



ЕСКЕКШІЛЕР ЕҢСЕНІ КӨТЕРДІ

Қоржынымыздағы 3 алтынды да мергендердің салғанын бұған дейін айтқанбыз. Ал төртінші алтынды спорт жанкүйерлері боксшы Сағындық Тоғамбайдан күткен еді. Бірақ ел үміті ақталмады. Бокстан 1/2 финалда жерлесіміз Сағындық Тоғамбай алаң қожайыны Хан Сюэжэньмен өткен айқаста жеңіліп, «қоланы» қанағат етті. Дегенмен жанкүйерлердің еңсесін ескекшілеріміз көтерді. Қазақстандық ескекшілер Сергей Емельянов пен Тимур Хайдаров каноэда 500 метр қашықтықта сынға түсіп, 1:49.010 көрсеткішпен мәре сызығын бірінші болып киді. Жапониялық, ирандық ескекшілер екінші, үшінші орында. Осылайша, Қазақстан қоржынына төртінші алтын түсті.

Ал байдарка мен каноэде есуден Қазақстан әйелдер құрамасының өкілдері екі күміс медаль жөніп алды. 500 метр қашықтықта

ұпаймен жеңімпаз атанды. Осы нәтижесі арқылы ол Азия өңірінің және Азия ойындарының рекордын орнатты. Екінші сатыға 43 ұпай жинаған Цуйцуй Вукөтерілді.

Ал ел құрамасына 37-ші медальды батут гимнастикасынан Виктория Бутолина салды. Ол үздік үштікті түйіндеп, 52.600 ұпаймен қола жүлдеге ие болды. Алтын медальді қытайлық Жу Сюэ Ин (56.720), күмісті оның отандасы Ху Ичэн (55.790) жеңіп алды. Бұған дейін Виктория іріктеуде төртінші орын алған еді.

Азия ойындарында жүлде алмаса да, Париж олимпиадасына жоллама жеңіп алған спортшыларымызды да атап өткеніміз жөн болар. Боксшы Карина Ибрагимова Азия ойындарының 1/4 кезеңінде моңғол спортшысы Намуун Монхорды 5:0 есебімен ұтып, жартылай финалға өтті. Сондай-ақ ол бокстан Парижге алғашқы жолдаманы жеңіп алды. 27 жастағы қазақстандық боксшы



каноэде жұптық есуден командалық сайыста Руфина Искокова мен Мария Бровкова қазақстандық дүзгі қытайлықтардан ғана ұтылып, күміс жүлдеге ие болды. Тайланд елінің есушілері қола жүлде алды. Дәл осындай қашықтықтағы қос байдарка жарысында Ольга Шмелева мен Ирина Подойникова да Қытайдан кейін екінші орын алса, Өзбекстан құрамасы қола жүлдегер атанды.

Тағы бір күміс медальді күрес спортшының құраш түрінен Бекәділ Шаймерденов иеленді. 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі финалдық белдесуде отандасымыз өзбекстандық Үмид Есановаға есе жіберді. Бұл – Қазақстан құрамасының осы Азиадағы жетінші күміс жүлдесі.

МЕРГЕНДЕР МЕДАЛЬМЕН ЖАРЫСУДА

Стенд атудан Қазақстан құрамасының мүшелері Қытайдағы ойындарда тағы да жүлдегер атанды. Трап бағдарламасы бойынша командалық сайыста әйелдер құрамасы (Мария Дмитриенко, Айжан Досмағамбетова, Анастасия Прилепина) 3-орын алды. Жарыс нәтижесі бойынша бірінші орынды 337 ұпаймен Үндістан, екінші орынды 336 ұпаймен Қытай еншіледі.

Айта кету керек, дәл осы сайыстан Қазақстан командасы 2014 жылғы Азия ойындарында чемпион атанған еді. Ал Мария Дмитриенко 2014 жылы – алтын, 2018 жылы жеке сайыста қола алған болатын. Осы жолы Мария стенд ату бойынша жеке сында 34 ұпай жинап, қола олжалады. Қытай өкілі Синьцзо Чжан 47

әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері, 57 келі салмақ санатында өнер көрсетеді. Ал боксшы Наталья Богданова 66 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ширек финалында Моңғолия өкілі Цзэцэгари Мягмарсүрэнмен жұдырықтасып, төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті. Осылайша, ол құрлық біріншілігінің жартылай финалына шығып, өзін кемінде қола жүлдемен қамтамасыз етті.

Айта кету керек, бокстан ұлттық құраманың капитаны Асланбек Шымбергенов жартылай финалға өтті. 71 келі салмақ дәрежесіндегі отандасымыз Асланбек Шымбергенов Өзбекстаннан келген әлем чемпионы Асахуджа Муйнхулдаевты үшінші раунд барысында үш рет нокаутқа жіберіп, 1/2 финалына жоллама жеңіп алды.

– Бірінші, екінші раунд ұтса да, жеңіс арғы жаққа кетіп жатты. Бірақ екінші раундтан кейін «Қобалжыма, өз тірлігіңді істей бер. Кім біледі, нокаутқа жіберетін шығарсың» деп айтқан едім. Бапкерді тыңдады, өзі де риза болып тұр. Бұл жерде қобалжып, қателессен, оған жақсы болады. Салқықанды болып, баспен жұмыс істесен, жеңісті солай аласың, – деді бокстан Қазақстан құрамасының бас бапкері Мырзағали Айтжанов.

Осылайша, спортшыға әділетсіздік жасағысы келгендердің жоспары орындалмады. Енді құрама капитаны финалда тағы бір әлем чемпионы, жапониялық Севон Окадзавамен жұдырықтасады.

Кербез ЕСІМ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4358

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Нұрлан ҚОСАЙ